



ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Президентке елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру, кез келген құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде есеп берілді.

Ержан Сәденов ведомство өз қызметі барысында Мемлекет басшысының Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында берген тапсырмаларына сәйкес құқық-бұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқықтық сауатын

арттыру мәселелеріне баса мән беріп отырғанын баяндады. Соның нәтижесінде жыл басынан бері қылмыс деңгейі төмендеген. Атап айтқанда, ұрлық, тонау, қарақшылық, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық және көшеде жасалған қылмыстар, көмелетке толмаған және бұрын сотталған азаматтар істеген қылмыстар айтарлықтай азайған.

Мемлекет басшысына құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірыңғай заң әзірлеу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөнінде арнайы бөлімше құру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Президентке ұйымдасқан қылмысқа, есірткі қылмысына, экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмыстарының нәтижесі таныстырылды. Министр киберқылмысқа қарсы күрес жүргізетін дербес қызмет құрылатынын жеткізді.

Сонымен қатар Ержан Сәденов орта буынға жататын басшылық құрамды кезектен тыс аттестациядан өткізуге дайындық барысы жайында айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Құрметті мұсылман бауырлар, отандастар!

Баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын. Сіздерді берекелі Рамазан айының келуімен құттықтаймын!

Рамазан — он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нұры құйылады. Өйткені ораза адамды тақуалыққа тәрбиелейді. Сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді адамдық асыл қасиеттер артып, иман күшейеді. Рамазан — Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Бұл — Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі. Рамазанның кәдірін жақсы түсінген сахабалар оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «Рабымыз, бізді Рамазан айына аман-есен жеткізе гөр!» — деп дұға еткен.

мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы берік жандар өзіне дөрекілік көрсеткен кейбір кісілерге: «Мен оразамын», — деген бірауыз сөзбен көркем мінездің керемет үлгісін көрсетеді. Нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал сабыр иесіне берілетін сый — жәннат.

Денсаулығына байланысты немесе кәрілік жетіп ораза ұстауға шамасы жетпеген адамдар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да — үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауап жазады...» — деген.

Мен осы ретте барша отандастарымды қасиетті айда жүзеге асатын қайырымдылық іс-шараларға үлес қосуға шақырамын. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да — сауапты істің бірі. Дүкендерде күлді жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса



Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті, ауыз бекіткен адамға берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де беймәлім. Құдси хадисте Алла Тағала: «Ораза — тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...» — деп оразаның қадірі мен қасиетін, мәні мен маңызын баяндаған. Демек, шарапаты мен шапағаты мол айда сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығын алуға асыққан абзал. Пенденің осы айда ұстаған оразасы, Аллаға ұнамды барлық құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, сауапты амалдары еселеніп жазылады.

Ораза — күнді тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза — рухтың азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан

деген тілегімізді жеткіземіз. Сонымен қатар барша халықтың ортақ игілігі үшін салынып жатқан жол, көпір, мектеп, мешіт, медресе, балабақша, спорт кешені сынды маңызды ғимараттарға аз да болса үлес қосып, белсенділік танытуға шақырамын.

Рақым айы — Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке нәсіп етпей! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болғай! Әмин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы,
Бас муфти

КӨРКІҢНЕН СЕНІҢ АЙНАЛДЫМ, ЕРКЕМ



ҚЫЗ ӘУЛИЕ ДЕГЕНІМІЗ ҚАЙ ӘУЛИЕ?



ГИННЕСКЕ ЕНГЕН АРУЖАН



Тарих қатпарында бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген батыр аналарымыз аз емес. Сонау Томирисен бастасақ, бертін келе Мәншүк, Әлия, Ләззаттардың ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бүгінде қаһарман қыздарымыздың ізін жалғап келе жатқан қаракөздеріміз баршылық. Соның бірі — Жамбыл облысының тумасы Аружан Миравилдаева.

Қыздарға әсемдік жарасады

«Қазақ әйелі» деген ұғым қашанда киелі, аяулы, ардақты. Нәзік болмыс иелері өзін ғана емес, бүкіл ұлтты сақтап, ұрпақты болашаққа ұластырады. Адамзат өмірі де, ұлт пен қоғам өмірі де анандан басталады, соңы анамен аяқталуы мүмкін. Сондықтан аналарға, жалпы әйел затына қамқорлық — мемлекетіміздің басты басымдығының бірі. Сыйлы, бақуатты, білімді әйелдер ұлағатты ұрпақты тәрбиелеуге ғана емес, сондай-ақ орнықты мемлекетті өркендетуге де сүбелі үлес қосады. Мұның бәрі — гендерлік теңдік саясатының басты нысандары.

(Жалғасы 4-бетте)



МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫ АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Кеше Сенатта еліміздегі мәслихаттардың 30 жылдығына арналған халықаралық конференцияға дайындық барысы талқыланды. Осыған орай өткен жиында палата Спикері Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ұйымдастырылып жатқан форум сенаторлардың мәслихат депутаттарымен өзара іс-қимылын одан әрі арттыруды, жергілікті өкілді органдардың қызметіне қатысты маңызды мәселелерді шешуді және өңірлерді дамытуға ықпал етуді көздейтінін атап өтті.

Өңірлерді дамыту және мемлекеттің өңірлік саясатын тиімді іске асыру — Сенат жұмысындағы негізгі бағыттардың бірі. Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев Парламент соңғы жылдарда өңірлердегі проблемаларды шешуге арналған ондаған заң қабылдағанын тілге тиек етті.

Қазір Қазақстанда мәслихаттардың қоғамдық-саяси маңызы арта түсті. Осыған байланысты Парламент Сенатының ұйытқы болуымен еліміздегі мәслихаттар институтының 30 жылдығына орай 2024 жылғы 18-19 сәуір күндері халықаралық конференция өткізу жоспарланып отыр.

Айта кетейік, кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Онда палата Спикері реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстарының өткен айлардағы қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде баяндалды. Қабылдау кезінде берілген тапсырмалардың бірі — Парламенттің

заң шығару қызметіне жергілікті өкілді органдардың депутаттарын кенінен жұмылдыру.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз етудің ерекше рөлін және палатаның өңірлерді дамытуға тигізіп келе жатқан зор ықпалын атап өтті. Конференция алаңында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған саяси және экономикалық реформаларды іске асыру кезіндегі мәслихаттардың рөлі жан-жақты талқыланады. Қуатты өңірлер әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаттың негізі және елдің драйвері екені анық. Сондықтан өңірлердің теңгерімді дамуына және мәслихаттардың нәтижелі жұмыс істеуіне ықпал ету жолында күш жұмылдырудың маңызы зор», — деді Мәулен Әшімбаев.

Халықаралық конференцияға Парламент депутаттарымен бірге барлық деңгейдегі мәслихаттардың төрағалары, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысады деп жоспарланып отыр.

БОЧЧАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



Парламент Сенатының Төрағасы, Қазақстан бочча федерациясының Президенті Мәулен Әшімбаев аталған паралимпиадалық спорт түрінен дәстүрлі турнирдің жабылу рәсіміне қатысып, жеңімпаздарды марапаттады. Жарыс боччадан алғашқы қазақстандық жаттықтырушы Сұлтанбек Орынбасаровты еске алуға арналды.

Мәулен Әшімбаев сайысқа қатысушыларды турнирдің жоғары деңгейде өтуімен құттықтай келіп, Сұлтанбек Орынбасаровтың Қазақстанда бочча спортының қалыптасып, дамуына зор еңбек сіңіргенін атап өтті. Көшбасшылық, табандылық, спортқа адалдық сияқты қасиеттерімен танылған ол көпке үлгі көрсетіп, жүздеген баланың жеңіске деген құштарлығын оятты.

Федерация президенті өткен үш жылдың ішінде елімізде аталған спортқа деген қызығушылардың қатары айтарлықтай артқанына назар аударды. Алғаш рет, яғни 2021 жылы сайысқа еліміздің 6 өңірінен келген 30 спортшы қатысқан. Ал бұл жолы 10 өңірдің намысын қорғаған 70 спортшы бақ сынады. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, мұндай үрдіс инклюзивті орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстың маңыздылығын және мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы қауымдастықтың қаншалықты қажет екенін көрсетеді.

Сондай-ақ Сенат Спикері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев инклюзивті қоғам құру мәселесіне үнемі баса мән беріп келе жатқанын айтты. Осыған байланысты елде кедергісіз орта қалыптастыру үшін тиісті жұмыстар атқарылып жатыр. Берік институционалдық негіз қалыптасып, еліміздің ірі қалаларында бочча спортының үйірме-филиалдары ашылуда.

«Жүйелі жаттығулар параспортының одан әрі шыңдап, олардың төзімділігін арттырып, рухын қайрайды. Әр адам өзінің бойындағы осындай қасиеттерді күнделікті жетілдіріп, дамытып отыруы қажет. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға қолдау көрсету және кедергісіз орта қалыптастыру мәселелеріне әрдайым баса мән беріп келеді. Бұл — біздің мемлекетіміз бен қоғамның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Сондай-ақ осы мәселе Парламенттің де айрықша назарында», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата Төрағасы Қазақстан бочча федерациясының алдағы жұмыс жоспарына тоқталды.

Бұл ретте Ұлттық құраманың кәсіби деңгейін арттыру, сол арқылы параспортышларды қолдап, ынталандыру, елімізде аталған сайыс түрін одан әрі дәріптеу және «Баршаға арналған бочча» тұжырымдамасын іске асыру осы бағыттағы маңызды міндеттер ретінде белгіленгенін атап өткен жөн.

«Біз ерекше спортшыларды даярлау және жаттықтырушылар құрамын күшейту бағытындағы жұмысты жалғастыра береміз. Бұл істе өңірлерге басымдық берілетінін атап өткен жөн. Біз елімізде боччаны дамытудың негізгі екі бағытын белгілеп алдық. Біріншіден, әлеуеті жоғары параспортыштарды қолдаудың және олардың ірі халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Екінші перспективалық бағыт — «Баршаға арналған бочча» тұжырымдамасы. Мүгедектігі бар азаматтардың ортаға бейімделуіне ықпал ететін мұндай қадам спорттағы инклюзивті және интеграцияланған тәсілдің жарқын көрінісі екені анық. Федерацияның осы екі бағыт бойынша атқаратын жұмысы боччаны серік еткен азаматтардың мүдделерін іске асыруға ықпал етеді деп сенеміз», — деген Мәулен Әшімбаев жарыстың жоғары деңгейде өткізілгеніне және оған қатысушылардың шеберлігіне назар аударды.

Қазақстан бочча федерациясы мамандарының айтуынша, федерация жеке жарыстармен қатар алғаш рет командалық және жұптық сайыстар өткізіп отыр. Бұл турнир еліміздің үздік боччашыларын анықтау, инклюзивті қоғам құру жолында атқарылып жатқан жұмыстарға жұртшылықтың назарын аудару және мүгедектігі бар азаматтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді көздейді.

Айта кетейік, боччадан ашық республикалық турнир 4-6 наурыз күндері елордалағы «Аспан» спорт кешенінде өтті. Оған еліміздің 10 өңірінен, нақты айтқанда, Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен Қарағанды, Атырау, Павлодар, Маңғыстау, Жамбыл, Жетісу және Абай облыстарынан келген 70 спортшы қатысты.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАРЫЗ ЖҮКТЕМЕСІН АЗАЙТУ ҚАЖЕТ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасында кредит беру кезіндегі тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша түзетулер қарастырылған. Сонымен қатар отырыста ғылым мәселелері бойынша Салық кодексін енгізілетін түзетулер мен «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы да бірінші оқылымнан өтті.



Кредит беру кезіндегі тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша заң жобасына депутаттар бастамашы болды. Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ түзетулер Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында айтылған халықтың қарыз жүктемесін азайту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатымен әзірленгенін атап өтті.

— Проблемалық қарыздары бар қазақстандықтардың қарыз жүктемесінің өсуіне жол бермеу үшін несие өтемеген мерзімі 90 күннен асқан азаматтарға кепілсіз тұтынушылық кредит беруге тыйым салынады. Сонымен қатар қолданыстағы (өтелмеген) тұтынушылық несиелер бойынша 90 күннен асқан берешегі бар тұлғаларға сыйақы есептеуге тыйым салу көзделген. Бұл банктер мен микроқаржы ұйымдарына қатысты, — деді Үнзила Шапақ.

Сондай-ақ депутат банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың кредиттерін төлем мерзімі өткен кезден бастап 24 айдан соң және кредитор берешекті реттеу рәсімдерін жүргізгеннен кейін ғана коллекторлық агенттіктерге сатуға рұқсат берілетінін айтты. Бұл ретте жеке тұлғалардың сатып алынған кредиттері бойынша берешекті реттеу рәсімдерін жүргізу бойынша коллекторлардың тікелей міндеті енгізіледі.

Қарыз жүктемесінің шамадан тыс өсуін шектеу үшін заңнамалық тұрғыда тұтынушылық кредит деген ұғым енгізіледі. Бұл оның ең жоғары мәнін (банктер үшін — 5 млн теңге, МҚҰ үшін — 2 млн теңге) нормативтік деңгейде шектеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ қазақстандықтардың кредит бойынша банкроттық рәсіміне қол жеткізу жеңілдетіледі.

Үнзила Шапақ заң жобасында тек ипотекалық емес, азаматтардың барлық несиесі бойынша банк омбудсменінің дауларды реттеу міндеті де енгізілгенін айтты. Аткарушылық іс жүргізу аясында көмелетке толмаған балалары бар отбасыларды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан шығаруға тыйым салынады.

— Тағы бір бағыт — несие алаяқтығын азайту. Заң жобасына азаматтардың несие алудан өз еркімен бас тарту құқығы енгізіледі. Жеке тұлғалардың мұндай бас тартуы болған жағдайда банктер мен микроқаржы ұйымдарына оларға несие беруге тыйым салынады. Азаматтар өз еркімен бас тартқан кезеңде олардың атына кредит рәсімделген болса, кредиторлар ол берешекті есептен шығаруға міндетті болады, — деді Ү.Шапақ.

Депутаттар кредит беру кезіндегі тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады. Заң жобасы бойынша талқылау одан әрі жұмыс тобында жалғасатын болады.

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯ САЯСАТЫНА МАҢЫЗ БЕРІЛЕДІ

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы мен оған ілесіп түзетулер де бірінші оқылымда мақұлданды. Ол туралы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек баяндама жасады. Министрдің айтуынша, негізгі заң жобасы ғылымды басқару моделін жетілдіруге, Ғылым қорының қызметін реттеуге және Ұлттық ғылым академиясының құқықтық мәртебесін айқындауға бағытталған.

— Коммерциялық емес ұйым — жоғары ғылыми ұйым нысанындағы академияның жаңа мәртебесі айқындалды. Сондай-ақ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстары бойынша ғылыми-техникалық тапсырмаларға сараптама жүргізу, ғылымды дамытудың басым бағыттарын талдау жөніндегі функцияларын кеңейту ұсынылады. Бизнес-акселерацияны, технологиялық бизнес-инкубациялауды, технологиялық брокерлікті іске асыруға жәрдемдеу, венчурлік қаржыларды тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыру жөніндегі «Ғылым қоры» АҚ функционалын күшейту жөнінде жеке бап әзірленді, — деді С.Нұрбек.

Депутаттар бастамасымен әзірленген ғылым мәселелері бойынша Салық кодексін енгізілетін түзетулері туралы заң жобасы да бірінші оқылымда мақұлданды. Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов жоба салықтық преференциялар беру арқылы ғылымның дамуын ынталандыруға бағытталғанын айтты.

Зерттеу университеттерінің жанынан ғылыми орталықтар ашуға және тәжірибелік-конструкторлық

жұмыстар жүргізуге жұмсалған қаражаттың 100 пайызын салықтық шегерімге жатқызу ұсынылған.

— Жеке компанияларға салық салынатын соманы абаттандыру жұмыстарына жұмсалған шығындар сомасының 50 пайызға азайту ұсынылады. Яғни, кәсіпкерлер, ғылыми ұйымдар немесе жоғары оқу орындары өздерінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізсе, салық салынатын кірісті анықтау кезінде бұл шығындардың жартысы шегеріледі, — деді Асхат Аймағамбетов.

Салық преференцияларының тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету тетіктері де қарастырылады.

Мәжіліс Қаттың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына енгізген түзетулермен келісті. Сенат енгізген түзетулер нақтылау сипатында, Мәжіліс қабылдаған заңның тұжырымдамасы мен мазмұнын өзгертіпеді. Атап айтқанда, олар пайдалы қазбаларды өндіру салығын есептеу мақсатымен қатты пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі ысыраптарды есепке алуға, ішкі істер органдарының қызметкерлерін қызметтік куәліктері болмаған жағдайда тексеруге жібермеуге және басқа да нормаларға қатысты.

Сондай-ақ Мәжіліс отырысында «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, депутат Гүлдіара Нұримова елімізде колөнер саласының нормативті базасы жоғын айтып, мәселе көтерді. Бірқатар елде колөнердің шағын кәсіпкерліктің бір бөлігі ретінде мемлекеттік қолдауға ие болып жүргенін еске салған мәжіліспен Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың атына депутаттық сауалында аталған салаға мемлекеттік гранттар, жеңілдетілген несие қарастыруды ұсынды. «Халықаралық тәжірибені ескере отырып, әр өңірде тәжірибелі шеберлердің білімін кейінгі буынға қалдыруы үшін балалар үйірмелері бар, көрме залдары бар колөнер орталықтарын құру қажет», — деді Г.Нұримова.

ҚҰРМАНҒАЗЫ ОРКЕСТРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Биыл Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің құрылғанына — 90 жыл. Алайда 1934 жылдан бері ұлтымыздың әні мен күйін әлемге танытып келе жатқан өнер ордасының қазіргі әлеуметтік жағдайы алаңдатарлық. Мәжіліс отырысында мәселе көтерген депутат Абзал Құспан оркестрдің мерейтойы қарсаңында Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова мен Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балабаеваның атына депутаттық сауал жолдады.

«Өз көзімнен көріп, көңіліме түйгенім, 23 түрлі аспап бір сәтте орындалып өуезді дыбыс беретін оркестрді аспаптармен қамтамасыз етіп, жөндеу көрмеген ғимаратын «Қазқайтажаңарту» кәсіпорны арқылы күрделі жөндеуден өткізу заман талабы. Себебі іргесі 1952 жылы қаланған ғимараттың жай-күйі сын көтермейді. Ұжымға Республика және қала ішіндегі гастрольлік сапарларынан шығу үшін 70 орындық автобус қажет, осындай үлкен өнер ұжымында жанкештілікпен ұлтымызға қызмет етіп жүрген өнерпаздарымызды, әсіресе жастар жағын, Алматы әкімдігі мен қалталы кәсіпкерлеріміз пәтермен қамтамасыз ету жағын қарастырғаны жөн», — деді Абзал Құспан.

Айтулы өнер ордасының торқалы тойында идеологиялық жұмыстарға көбірек көңіл бөлуі ұсынған депутат ұлттық мәдениетті де насихаттауға шақырды. «Мектеп, арнайы және жоғары оқу орындарында Құрманғазы оркестрінің құрылу тарихы, оның маңызы, басы-қасында болған ұлы тұлғаларымыз; академик Ахмет Жұбанов, композитор Латиф Хамиди, министр Темірбек Жүргенов, профессор Шамғол Қажығалиев, күйшілер Қаршыға Ахмедияров, Тұяқ Шәмелов, қобызшы-композитор Жаппас Қаламбаев т.б. туралы таныстырылым болып, шығармалар жазылса, үзілісте оркестрдің орындауында радио құмбірлеп тұрса. Сондай-ақ теледидар мен радиоларда күнделікті, жыл бойына Құрманғазы оркестрінің сүйемелдеуімен әндер және күйлерді қою міндеттелсе», — дейді ол.

Бұдан бөлек, жалпы отырыста «AMANAT» партиясы фракциясының атынан Нұрсұлтан Байтілесов Мәжіліс депутаттарының қатарына қосылды. Ол бүгін ант беріп, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің құрамына сайланды.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 15 депутаттық сауал жолдады.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АРУЛАР

Ұлтымызда «Әйел – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бар. Мұның астарында әйел адамның кез келген ауқымды істерге араласа алатынын, араласып қана қоймай, үлкен нәтижелерге қол жеткізетінін аңғара аламыз. Себебі қоғамның түрлі салаларындағы жетістіктерде әйелдердің үлесі басым екені рас. «AMANAT» партиясының жанындағы «Әйелдер қанаты» мен «Қарызсыз қоғам» жобасының негізінде елге танылған асыл жандар – соның дәлелі.



САНАЛЫ ҚОҒАМ ҚҰРУҒА АТСАЛЫСҚАН

Ақнұр Жұмабаева – «Алтын алқа» иесі, 8 баланың анасы, «AMANAT» партиясының Алматы қалалық Әйелдер қанатының кеңесшісі.

«Менде бірінші орында бала-шағам, отбасым дер едім. Қоғамда белсенді болсам, сол балаларымның болашағы жарқын болса екен, саналы қоғам құруға атсалыссам екен деген ойдан шыққан әрекет. Жолдасым – отбасындағы жалғыз бала. Сол себепті біз көпбалалы отбасы болуды армандадық», – дейді «Алтын алқа» иегері Ақнұр Құрасбекқызы. Жолдасымен бірге айрандай ұйып отырған отбасы үш ұл және бес қыз тәрбиелеп отыр.

Қарқынды дамып келе жатқан заманымызда әйел адам өзін ана ретінде ғана емес, өз саласының кәсіби маманы ретінде де жүзеге асыруға мүмкіндігі болуы керек екенін айтады Ақнұр. Отбасының қамқоршысы, көпбалалы ана ғана емес, кәсіби жұмысын жолға қойған, оған қоса қоғамдық жұмыстармен айналысып, белсенділік таныту көпке үлгі боларлық іс.

«Мемлекет тарапынан демографиялық даму сұрақтарына ерекше мән берілуде, көптеген игі істер атқарылуда, әйелдер үшін жеке бизнесті дамытып, кәсіпкерлікпен айналасып аяққа нық тұруларына барлық жағдай жасалып жатыр, оған қоса көпбалалы отбасыларға қаржылық және басқа да қиындықтарды жеңуге көмектесетін бағдарламалар мен әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған. Соның арқасында мен де көпбалалы ана бола тұрып кәсіпкерлікпен айналысамын. Екі жоғары экономикалық және заңгерлік білімім бар, экономика ғылымының магистрімін. Консалтинг компаниясын баскарып, 22 жылдан бері бағалау, сарапшы және заңгерлік қызметін ұсынудамын».

Еліміздегі көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасылардың жағдайларына үнемі алаңдаушылық танытып отыратын «Алтын алқа» иегері әлі де болса мемлекет тарапынан қоғамның осал топтары мен асыл жанды аналарға жасалар қамқорлықтың және әділ шешімдердің болуын қалағалап, жөнсіздіктің алдын алу мәселесіне бел шеше араласуда. Өзі айтып кеткендей, балаларының ұлағатты ұрпақ болып өсуі жолындағы жасап жүрген үлгілі істерін өзгелерге тәлім ретінде ұсынып, қасына өзі тәртізді белсенді жандарды біріктіріп, «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының астына ұйысуды насихаттап келеді.


ШЕБЕР АЛЬБИНА

«Бүгін кәсіпті жеке емес, бірлесіп, «бір жағадан бас, бір жеңнен кол» шығара отырып жүргізу тиімді екеніне көзім жетті», – дейді алматылық кәсіпкер Альбина.



«AMANAT» партиясының ұйымдастыруымен болып жатқан қаржылық сауатты арттыру курстарына қатысқаннан кейін жоғарыдағыдай ой түйген тігінші Альбина – 4 баланың анасы. Өзі жас болса да көпке бас болып былғарыдан түрлі бұйымдар тігуді 4 жыл бұрын бастағанын айтады. Алғашқыда банктен несие алып, бір ғана тігін машинасын сатып алған шақта кәсібінің жолға қойылып кететініне күмәнданған. Дегенмен тәуекелге бел байлап жұмысты тоқтатпай, жүргізе берудің арқасында қазір біршама белестерді бағындырып отыр. «Мен «AMANAT» партиясының үлкен қамқоршы екенін білмедім. Қазір партиямыздың белсендісі әрі «Әйелдер қанатының» мүшесі бола жүріп көп іске көзім жетті. Енді мен өз білімімді еш ақысыз өзгелерге үйретуді қолға алдым. Бұйырса, серіктестер тауып бірлесіп жұмыс жасау ниетім де жоқ емес», – дейді.

Тапсырыспен таза былғарыдан әйелдерге арналған түрлі үлгідегі сөмкелер тігумен айналысатын Альбина Боранбайқызы қазір 8-7 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Олар дайындаған сөмкелердің қымбат шетелдік үлгілерден еш айырмашылығы жоқ.



ДАҢҚҚА ЖЕТКІЗЕТІН ЖОЛ – ЕҢБЕК

Фарида Жүнісова 2010 жылы «Әулие-Ата Феникс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты құс фабрикасының негізін қалады. Өндірістік қуаттылығы жылына 3 000 тонна құс етін құрайтын құс фабрикасы Жамбыл облысы Байзақ ауданының Мырзатай ауылында орналасқан. Жасыратыны жоқ, тоқырау кезінде қаңқасы ғана қалған құс фабрикасын сатып алғанда талайдың таң болғаны рас.

Бірақ іскер әйел алған бетінен қайтпады. Кәсіпорынды аяғына тұрғызып, жұмысын жандандыра түсті. 2019 жылы фабриканың өндірістік қуатын жылына 8 мың тоннаға дейін жеткізу үшін инновациялық жобаны қолға алып, 6 қосымша өндірістік нысан салынды. Сою цехының қалдықтарынан жылына 250 тонна ет-сүйек ұнын өндіретін цех пайдалануға берілді.

– Қоғамның, өңірдің, агроөнеркәсіптің дамуына сіңірген азды-көпті еңбегім ескерусіз қалған емес. Сонымен бірге ел аумағындағы және Ресей мен Нидерландыдағы құс фабрикаларында болдым. Жеке кәсіпкерлікпен бірге аналық міндетімді де абыроймен атқарып келемін. 1 ұл, 2 қыздың анасымын. Бизнесте, қоғам өмірінің бел ортасында жүрген жан ретінде уақыттың тығыздығына қарамастан бала тәрбиесіне көңіл бөлуге тырысамын, – дейді кәсіпкер Фарида Амансарықызы.

Бүгінде кәсіпорында 247 адам жұмыспен қамтылған. Оның 80 пайызы – жергілікті тұрғындар. Биыл құс фабрикасының өндірістік қуатын 12 мың тоннаға дейін арттыру мақсатында 6 қосымша өндірістік нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. «Кез келген даңққа жеткізетін жол еңбекпен салынады», – дейді кәсіпкер Фарида.

БАСТЫ МАҚСАТ – АНАЛАРҒА КӘСІП ҮЙРЕТУ

Сонау батыс өңірінде шалғайдағы Ақсуат ауылында кәсібін дөңгелеткен Ләззат Сейткереева – Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының депутаты. Ол бүгінде талай нәзік жанды азаматтардың аяққа тұрып, бизнесін дөңгелетіп әкетуге сеп болып жүр. Жергілікті жердің мал өнімдері оның ішінде жүннен өнім өндіріп, оны өңдеумен айналысатын кәсіпорынның қазіргідей қуатты қалыпқа түсуі жолында талай қиындықты бастан өткергенін айтады.

«AMANAT» партиясының жанынан ашылып жатқан түрлі мүмкіндіктер әйел қауымының екінші тынысын ашуға ерекше сеп болып отыр. Қазір көп отандастарым оның ішінде әйел азаматтар қарыздан бас көтере алмай жүр. Өте өкінішті. Осы бір олқылыққа ана ретінде жүрегім ауырады. Кейбіреуінің қарызын өтеп берсем, енді біріне шамам келгенше демеу болып жүрмін. Тағы біреулеріне бизнес ашудың қыр-сырын үйретемін», – дейді Ләззат.

Ләззат Мұратқызы – қазір «AMANAT» партиясының қолдауымен өтіп жатқан «Қарызсыз қоғам» жобасының белсендісі. «Жобаға қатысудың басты мақсатым – қаржылық сауаттылығымды арттыра отырып білмегенімді үйрену. Өзім үйреніп қана қоймай, жанымдағы жандарға үйретсем, сөйтіп аз да болса өзгеге себім тисе деген мақсаты да бар. Кәсіпкер тек мал өнімдерін өңдеумен ғана емес, қоғамдық тамақтандыру саласында да біршама тәжірибе жинақтаған. 2019 жылғы әлемді жайлаған індет уақытында талай жанның үйіне тағам мен ас-су тасып, далада елдің саулығы үшін пост бекеттерде күзетте тұрған әскерилерге де талай рет тегін түрде ыстық тағам тасып індеттің сейілуіне қолдан келгенше көмегін тигізген жан.



ТЫНДЫРЫМДЫ РАУШАН

Раушан Тұранова – «AMANAT» партиясының Ақмола облыстық филиалының Әйелдер қанаты, «Инклюзивті қоғамды дамытуға жәрдемдесу» қозғалысының, «Дети Ангелы Кокшетау» денсаулығында ерекшеліктері бар балалардың ата-аналары бірлестігінің үйлестірушісі.



Раушан Сәлімқызының ұстанатын басты мақсаты – әртүрлі санаттағы әйелдерді қолдау. Қоғамдық жұмыс аясында денсаулығында ерешеліктері бар балалар тәрбиелеп отырған ата-аналар, толық емес және көпбалалы отбасылар, кәсіпкерлерді ынталандырып, «Қарызсыз қоғам» әлеуметтік жобасы бойынша ақпараттық қолдау жасап келеді.

Бүгінде қайырымдылық жәрменкесін ұйымдастырылып, балалардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұйымдастыру үстінде. Қайырымдылық концерті мен жәрменкеден жиналған барлық қаражат есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №4 мамандандырылған мектеп-интернатының оқушысы ДЦП ауруына шалдыққан Әлиаскар Әміржановтың анасына бермек ниеттеміз. Бүгінде Әлиаскар Қытай елінде ем алууда. Балақайдың жазылып кетуіне аз да болса септігіміз тисе деп ойлаймын. Барлық бастамаларыма қолдау білдіріп, қамқоршы болатын «AMANAT» партиясына алғысым шексіз», – дейді Раушан Сәлімқызы.

Раушан Тұранова ерекше қажеттілігі бар баланың анасы және ерекше балалар қамқоршысы бола жүріп талай бастаманың қозғаушысы бола білген.

«Инклюзивті ортаны құру идеясы қазіргі қоғамда адамдардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуі мен бейімделуі үшін жағдай жасау қажет. Мен бірнеше қауымдастыққа жататын қоғам белсендісі ретінде жұмысты жүйелеп, ауқымын кеңейтім келді. Сонымен бірге «Қолқанат», «Тірек болу» әлеуметтік жобасын жасап, жүзеге асыруды ұсындым», – дейді.

Бұл жобадағы жұмыс қайырымдылық қаражат жинауды емес, халықтың әртүрлі топтарын және инклюзивті қоғамды дамыту үшін тең мүмкіндіктер жасауды көздейді. Жоба қоғамды да, саяси құрылымды да қамтиды. Атап айтқанда, осы әлеуметтік жобаға қолдау көрсеткен Ақмола облысы әйелдер альянсының төрайымы Анаргүл Мұхамедрахимованың да белсенділігін айта кету керек.

Дайындаған Бердібек ҚАБАЙ

ӘЛЕМ ОСЫНДАЙ ЖАНДАРМЕН ӘДЕМІ

Қоғамда маңдай терімен жұмыс істейтін жандардың еңбегі қашанда маңызды. Бейнеттен бел жазбай жүрген еңбек адамдарына айтар алғысымыз да шексіз. Еңбек адамының қоғамда қашанда орны ерекше, абыройы биік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек», – деген болатын халыққа арнаған Жолдауында. Барлық жетістіктің бастауында адал еңбек пен іскерлік қасиет тұрады.

Ел ішінде маңдай терімен, адал еңбегімен қоғамға, өз отбасына пайдасын тигізіп жүрген жандар жетерлік. Соның бірі – Түркістан облысы Ордабасы ауданының тұрғыны Аманкүл Әлшімбаева. Бүгінде 63 жасқа аяқ басқан ана әлі күнге дейін абаттандыру жұмыстарын атқарып келеді. Қазір «Темірлан абаттандыру» КММ жұмыс істеп жүрген Аманкүл Зейнуллақызы еңбекке араласқан 1983 жылдан бері бір сәтке демалған емес. Ақтөбе қаласындағы байланыс техникумын тәмамдап, Темірлан ауылындағы байланыс (РВС) бөлімінде 5 жыл монтер, механик болып жұмыс атқарады. Одан соң Ташкент қаласындағы Байланыс жоғарғы оқу орнында 5 жыл білімін жетілдіріп, 1994 жылдан 2004 жылға дейін Жезқазған қаласында байланыс



бөлімінің инженері қызметін атқарады. Одан бергі кезеңде Жезқазған қаласындағы қалалық Автожолдар басқармасында 4 санаттағы жұмысшы, бүгінде 2018 жылдың

күзінен бастап, «Темірлан абаттандыру» КММ-де жұмыс істеп келеді.

Аманкүл Зейнуллақызы осынау 40 жылдан аса еңбек өтілінде өзіне жүктелген

міндетті адал атқарып, қайнаған жұмыстың бел ортасынан табылып жүр. 2020 жылдың 2 мамырында жаңбыр аралас жел болып, Түркістан облысындағы Ордабасы ауданы

Ақкойлы елді мекеніндегі З.Пердебайұлы көшесінің бойын су алып, тұрғын үйлерді су басып қалған болатын. Аманкүл ана осынау қиын сәтте бес күн бойы баспанасын су басқан жандарға көмек беріп, қираған тұрғын үйлер мен қора-қопсыларды тазалап, әктеу жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ осы жылдың 13 мамыр күні өңірдегі қатты жауын-шашын салдарынан су арналары тасып, сел басты. Төлеби ауданына қарасты Киелітас, Сұлтан-Рабат, Ынтымақ ауылдарында төтенше жағдай орын алды. Еңбекқор шешей аяғына керзі етігін киіп, оқиға болған жерлерде бес күн бойы санитарлық тазалық жұмыстары мен өзен, арық арналарын ретке келтіруге атсалысты.

«Дәл қазір Темірлан ауылында боз арша ағашын егіп жатырмыз. Қыста қар тазалап, жазда гүлдерді суарамыз, тазалық жұмыстарын жүргіземіз. Зейнеткерлікке шыққаным 3 жылдан асса да жұмысымды жақсы көргендіктен әлі күнге дейін еңбекке араласып жүрмін», – дейді шешей бізбен әңгімесінде.

Осындай жанкешті әрекеттерімен бүгінде аудан көлемінде болып жатқан барлық іс-шара барысында күнделікті санитарлық тазалық, абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарының басы-қасында жүр. Біз осындай жандармен мақтануымыз керек. Өмір осындай жандармен әдемі. Еңбек өмірімізді сұлулыққа, ғажап қызыққа толтырады.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӨРІП

АТҚАМІНЕР АЙЫМДАРДЫҢ ЕНІШІСІ ҚАНДАЙ?

«Қазақстанда гендерлік теңдік қаншалықты қамтамасыз етілген?» деген сауалды сарапшылар жылда, әсіресе 8 наурыз — Әйелдердің халықаралық мерекесі қарсаңында қойып, жауап іздеп жатады.

Алтыншы сайланған Мәжіліс (2016–2021 жылдар) құрамында ер адамдардың саны — 78 (73%), әйелдер саны — 29 (27%) болды. Бір қызығы, жетінші сайланған Мәжілістің (2021–2023 жылдар) депутаттық корпусында да дәл осы көрсеткіш сақталды: ерлер саны — 78 (73%), әйелдер саны — 29 (27%) болды.

2023 жылғы 19 наурызда, сегізінші сайланған Парламент Мәжілісінің құрамында бұл көрсеткіш күрт нашарлапты. Мәжілістің өзінің дерегінше, қазіргі шақырылымдағы төменгі палатаның құрамындағы депутаттардың 80-і немесе 81,6%-ы — ерлер, небәрі 18 депутат немесе 18,4%-ы ғана — әйелдер. Бұл — жана Парламент өзінің бірінші сессиясына жиналғандағы, 2023 жылғы наурыздағы ахуал.

Кейінгі сессияларда әйелдердің үлесі кеміп кетуі де әбден мүмкін. Мысалы, 2024 жылғы 23 қаңтарда Respublica парламенттік фракциясы Динара Шүкіжанованың депутаттық өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты. Салдарынан, әйелдердің үлесі азайып калатын еді. Бірақ ахуалды «AMANAT» партиясы құтқарды: соның алдында, 2023 жылғы 19 қыркүйекте көшбасшы партия Мәжіліс депутатының бос мандатын Вера Кимге табыстады.

Әйткенмен, биыл босаған мандаттар ер-азаматтарға беріліп жатыр. Мысалы, Орталық сайлау комиссиясы 2024 жылғы 4 наурыздағы отырысында Мәжілістің жана депутаты ретінде Нұрсұлтан Байтілесовті, 2024 жылғы 12 ақпанындағы отырысында — Айтуар Қошмамбетовті тіркеді.

Гендерлік тұрғыдан Сенаттың жағдайы да мез емес: қазіргі 51 сенатордың 11-і немесе небәрі 21,5%-ы ғана — әйелдер.

Салыстырсақ, 2021 жылғы қаңтар мен 2023 жылғы наурыз аралығында әрекет еткен жетінші сайланымдағы Сенатта 15 әйел сенатор болған. Бірақ палатаның мәліметінше, ол шақырылымда сенаторлардың жалпы саны 79 болыпты.

Яғни, нәзік болмыс иелерінің 30%-дық квотасы қос палатада да сақталып отырған жоқ. Себебі бұл квота заң бойынша тек Мәжіліске қатысты және тек әр партияның сайлауда ұсынатын партиялық тізіміне ғана қолданылады. Ары қарайғы мандат бөлісте парламенттік 6 партияға бұл гендерлік квотаны ұстанбауына рұқсат етілген.

Үкімет құрамында да гендерлік теңдік жағы ақсап тұрғаны аңғарылады. Әлихан Смайылов Үкіметінде (2022 жылғы 5 қаңтар — 2024 жылғы



Қыздарға әсептік ЖАРАСАДЫ

қорғау министрі Светлана Жакыпова, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ АЙРАН-АСЫР ЕТТІ

8 наурыз — әйелдер мерекесі қарсаңында БҰҰ Даму бағдарламасы Қазақстандағы «БҰҰ-Әйелдер» құрылымымен бірлесіп, әзірлеген «Қазақстандағы гендерлік теңдікті және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге қоғамдық көзқарас» атты есепті таныстырды.

БҰҰ Даму бағдарламасының еліміздегі Тұрақты өкілінің орынбасары Сухроб Ходжиматов Қазақстандағы ең өзекті гендерлік проблемаларға биліктегі саяси шешім қабылдау деңгейлерінде әйелдердің жеткілікті ұсынылмауын, басшылық қызметте аз қамтылуын, олардың көбіне, жалақысы аз, төмен лауазымдарға ысырылуын жатқызды.

Тұтастай алғанда, сарапшының пікірінше, республикада ерлер мен әйелдердің жалақысындағы алшақтық күшеймесе, азаймаған. Бұған еңбек нарығындағы гендерлік сегрегация мен кемсітушілік, әйелдер мен аналарды қорғау бағытындағы заңнаманың жетілмегендігі, тұрмыстық зорлық-зомбылық пен харассменттің өршуі қосылып отыр.

тиісті роликтер көрсетілгені жөн екенін жеткізген. 23,9%-ы бұл туралы достары, туыстары айтса ғана сенетінін, соларды негізгі ақпарат көзі санайтынын мәлімдеген.

БҰҰ сарапшыларын әлеуметтік зерттеу барысында анықталған бір жайт қайран қалдырыпты: әйелдің орны — «ошақтың қасы» деп санайтындар нәзік болмыс иелерінің арасында да артып барады.

«Сауалнамаға қатысқан әйелдердің жартысынан көбі — 53,6%-ы және ерлердің үштен екі бөлігі немесе 68%-ы «әйелдің басты міндеті отбасының

ЖАЗАЛАУ ЕМЕС, БІТІСТІРУ — БАСЫМДЫҚ

Жасыратыны жоқ, гендерлік ауандағы мәселелер бүгінде депутаттарды да екіге жарды және қызу пікірталасқа тамыздық болды. Гендерлік теңдік мәселесінде ілгері кеткен дамыған елдерде әйеліне қол көтергені әшкереленсе, ері бірден қатаң жазаланады. Қазақстанда парламентшілердің басым бөлігі бірінші жолы «оқасы жоқ», татуластырған дұрыс деген ұстанымда.

Мәжіліс таяудағы отырысында «Кейбір заңнамалық актілерге әйелдердің құқықтары мен балалардың

рымова «Отан отбасынан басталады» десек, сол шаңырақ атты шағын мемлекетін жүрекпен емес, білекпен, сом жұдырықпен басқаруға ұмтылған адамға құрбанымен татуласуға мүмкіндік берудің дұрыстығына күмәнданды.

— Жок, сіз сонда қалай ойлайсыз? Сіздің ойынша, баласын ұрып-соққан ата-анаға татуласуға мүмкіндік бермеу керек пе? Жалпы, заң жобасының авторы ретінде мен өз басым балаларды ұрып-соққанға үзілді-кесілді қарсымын. Бірақ біздің отбасылық құндылықтарымызда баланың тәрбиесіне байланысты ерекшелік бар. Бізде «әкенің сұсы» деген бар. Яғни, баласының болашағын ойлаған әке де, ана да балаға «тәк-тәк» деп айтуы мүмкін. Ал оны отбасылық зорлық-зомбылық, қылмыстық құқықбұзушылық деп танып, ата-ана мен баласының татуласуына мүмкіндік бермеу қажет деген норма ұсынылды, — деді Ж.Сүлейменова.

Заң жобасы авторларының пікірінше, құзыр-құқық берсе, құзырлы органдар ата-анасының тәрбие мақсатында ұруын зорлық-зомбылық деп танып, баланы отбасыдан алып қоюы мүмкін. Құжатта олардың аражігі ажыратылмаған. Депутаттардың басым бөлігі осы ұстанымға жағылды.

Сонымен бірге жанжалды ушықтырмау үшін тараптарға, соның ішінде

ерлі-зайыптыларға немесе бала мен ата-анаға бір-бірімен қайта табысып, татуласуға мүмкіндік берген жөн деп шешті.

Токтам сөзді Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов айтты: зорлық-зомбылықты тыйған жоң, бірақ қазақы дәстүр де тәрк етілмегені игі.

«Агрессорлар мен абьюзерлердің кесірінен қаншама шаңырақ шайқалып, әйел тағдыры талқыға түсіп, балалар зардап шегіп жатыр. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатайтуды жұртшылық көптен бері талап етіп келеді. Енді жана заң бойынша мұндай қылмыстар үшін қатаң шаралар қолданылады. Ол өте орынды. Жалпы, әйелдер мен балаларға күш көрсетуге, агрессия мен зорлық-зомбылыққа жол бергізбеуге тиіспіз. Ата дәстүрлерімізді берік ұстанып, ерлі-зайыптылар арасында шынайы құрмет, сыйластық пен балаларға деген қамқорлық орнығуы да қажет», — деді спикер.

Айтқандай, Ұлттық статистика бюросы қазақстандық әйелдердің шыдамдылығын, қайсарлығын паш ететін дерегін жария етті. Оның хабарлауынша, Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы бойынша «жоғары гендерлік алшақтық» сақталды. Республикада әйелдер ерлерге қарағанда 8,1 жыл ұзақ өмір сүреді екен. Орта есеппен ерлердің өмір сүру ұзақтығы — 70,3 жас, әйелдердікі — 78,4 жас.

Әрине, бұл тек Қазақстанға тән емес. OurWorldinData сарапшыларының зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ерлер мен әйелдердің өмір сүруі ұзақтығындағы алшақтықты әр елде байқауға болады. Кейбір елде бұл бар болғаны 3-4 жыл, басқаларында 10 жылдан асып кетеді. Сарапшылар бұған көптеген әлеуметтік-экономикалық фактор — денсаулық сақтаудың даму деңгейі, туу көрсеткіші, өлім-жітім себептері, қылмыс деңгейі және басқалары әсер ететінін ескертті.

OurWorldinData мәліметінше, гендерлік жас алшақтығы жөнінен Қазақстан экономикалық дамыған елдерден едәуір артта қалды. Оларда қос жыныс иелерінің жасындағы айырмашылық зор емес. Мысалы, Швейцарияда ерлер орта есеппен 82 жыл, әйел 85,9 жыл өмір сүреді. Кішкентай Монакода бұл одан да аз: 3,4 жыл. Гендерлік жас айырмашылығы Өзбекстанда — 5,1 жас қана. ТМД-да Қазақстанға қарағанда тек Ресейде жағдай нашарлау: аражік 10,6 жылдан көп.

Нәтижесінде, республикамызда әйелдер саны басым: бүгінде түрлі жастағы 10 260 057 нәзік болмыс иесі бар. Ерлер саны — 9 793 608 адам.

Мереке кезінде әдемі сөздер ғана айтып, көркем көрсеткіштерді құлпытқа көрсеткенге не жетсін?! Әйткенмен, данагөй ата-бабамыз ауруын жасырғанның арты не болатынын ұрпағының құлағына құйып кеткен. Сарапшылар назар аудартып отырған мәселелер кешенді де сарабал шешімдерге серпін беріп, гендерлік теңдік түйткілдерін тарқатуға септесе, Қазақстанның жағдайы тек жақсарары сөзсіз.



5 ақпан) ауыс-түйістерді қоса алғанда, вице-премьер және министр лауазымдарында 5 әйел ғана болды, бұлар — вице-премьер Тамара Дүйсенова, Еңбек министрі Светлана Жакыпова (2023 жылғы қыркүйектен бастап), Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева және экология министрі Зүлфия Сүлейменова.

Осы екі жылда Үкімет басшысының орынбасары және министрлер креслосына жалпы саны 49 ерадам жайғасыпты.

Ал қазіргі Премьер-Министр Олжас Бектеновтің Үкіметіндегі 26 ірі лауазымның тек төртеуін ғана нәзік болмыс иелері еншіледі. Бұлар — Премьердің орынбасары Тамара Дүйсенова, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Еңбек және халықты әлеуметтік

«Гендерлік теңдік мәдениеті туралы хабардарлықты арттыру және мәдениетті қалыптастыру үшін халықты әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту процесінің мән-маңызы мен мақсаттары туралы үнемі хабарлар етуге бағытталған ауқымды, кешенді жұмыс жүргізілуі қажет. Респонденттердің едәуір бөлігі осыған назар аударғты. Ендеше мұндай жұмысты тұрақты негізде және қолжетімді формада жүзеге асырған абзал. Ересектермен жұмыс істеудің негізгі құралдары — БАҚ пен интернет ресурстары болуы керек», — деді Сухроб Ходжиматов.

Қазақстандықтардың 78,2%-ы гендерлік мәселелер туралы үгіт-насихат — интернет пен әлеуметтік желілер арқылы жүргізілсе, өзіне қолжетімді, түсінікті болатынын айтты. 36% — телеарналардан

жайылығын қамтамасыз ету, балаларының тәрбиесі, сол себепті ол жұмыс істемей, үйде отыруы керек» деп санайды. Бұл ұстаным әйелдердің жоғарғы білім алмауын, алғанымен мамандығы бойынша істемеуін, мансап сатысында өсіп, өз әлеуетін жүзеге асырмауын қарастырады. Әйелдің негізгі «әлеуметтік мақұлданған» рөлі — «отбасы, ошақ қасы». Феодалдық заманда қалыптасқан бұл стереотип қайта қанат жайып, өмірдің барлық салаларында көрініс тауып жатыр», — деді БҰҰ сарапшылары.

Олар Қазақстандағы осындай ұстанымға және гендерлік проблемалардың күрделенуіне ықпал ететін факторлар қатарында діндарлықтың өсуін, неоконсерватизмді және жалпы қоғамдағы «оңшыл» көңіл күйлердің күшейгенін атап өтті.

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі заң жобасын және «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілесіп заң жобасын екінші оқылымда қабылдап, Сенатқа жіберді.

Оны талқылау барысында депутаттардың бір бөлігі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатандату туралы тапсырмасына сәйкес, отбасын ойрандаушыларға, «асүй сойқандарына» қатысты жазаны күрт күшейтуді ұсынды. Мысалға, зайыбы мен балаларын соққыға жыққандарға артынып келісімге келіп, кешірім алуна мүлдем тыйым салу, яғни бірінші инциденттен бастап жазалау ұсынылды. Жұмыс тобына кірген мәжілісмендердің басым бөлігі оны қолдамай тастады. Қолдаушы депутаттар әріптестерінің бұл қадамына таңырқалды.

— Заң жобасы о баста зорлық-зомбылықтың барлық түрі бойынша татуласуды алып тастауды қарастырды. Енді ұрып-соғу бойынша татуласуды қалдыруға ұйғарылыпты. Мұндай ұсыныстың мәні неде және ол Президенттің агрессивті және зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділікті дамыту жөніндегі сөздеріне қаншалықты сәйкес келеді? Қатыгездікпен байланысты қылмыстық істердің жартысы дәлелденбеуі салдарынан жабылады. Оларды ұрып-соқаны үшін бірден отырғызады деп айтуға болмайды, алдымен түзету жұмыстары, айыппұлдар және жалпы жұмыстар бар. Татуласу мүмкіндігін беру қаншалықты дұрыс? — деп наразылығын білдірді депутат Гүлдіра Нұрымова.

Заң жобасы бойынша негізгі баяндамашы болған депутат Жұлдыз Сүлейменова әріптесінің бұл наразылығын және позициясын түсінбейтінін қадап айтты. Ұстанымын нақтылаған Г.Нұ-



Қазақтың дүниетанымындағы жеті әулие туралы мағлұматтарды іздей бастасақ, алдымен Сырдария бойындағы киелі орын – Жеті әулие қорымы туралы мол мұрағатқа жолығамыз. Сондай-ақ жеті әулие – жеті шөріп – Меке шөріп, Мәдина шөріп, Бұхар шөріп, Шам шөріп, Қатыр шөріп, Құддыс (Мысыр) шөріп, Көләм шөріп (Құран) деген қасиетті түсініктің де бар екенін ұғамыз.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



Қыз әулие дегеніміз қай әулие?

Ал біз іздеген жеті әулие — Дән — әулие, Ақыл — әулие, Түз — әулие, Қыз — әулие, Күн — әулие, Жер — әулие, Ай — әулие дейтін Өтебайбойлақ Тілеуқабыл-ұлынан қалды дейтін тәмсіл еді. Бірақ бұл жеті әулие туралы ғаламтор бетінде жеткілікті ақпарат жоқ. Дегенмен «Қыз әулие» аталатын үңгірлер, тарихи киелі мекендер туралы қызықты аңыз, хисса өте көп екен. Қазақтың дархан даласында «Қыз әулие» саналатын кесене мен үңгір де көптеп кездеседі екен.

— Қазірге дейін жергілікті тұрғындар «Қыз әулиемен» байланысты жерлердің барлығын киелі орын ретінде қастерлеп, зиярат жасайды. Экспедиция барысында жергілікті жерлерде феномен ретінде «Қыз әулие» аталған жерлер Оңтүстік Қазақстан облысында (10), Жамбыл облысында (2), Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында (4), Маңғыстау облысында (1), Ақтөбе облысында (1), Атырау облысында (1), Батыс Қазақстан облысында (1) анықталды. Кейбірінің басында қазақша «Қыз әулие» деп жазылған белгілері бар. Өлкетанушылардың айтуынша, бұлардың біразы кейін пайда болған. Олардың пайда болу себебі жергілікті жерлердегі емшілік, көріп-келдік қасиеті бар адамдардың: «Маған осындай аян берді» деп құлыптастын және бейіттердің басына ата-тегін көрсетіп, белгі қойғандығы. Бірақ бұл кате ақпараттар болуы да мүмкін. Өйткені олар туралы ешқандай тарихи дерек, аңыз кездеспеді. Көптеген аңыз-әңгімеде қыздың әулиеге айналуының себебі — олардың әулиелік, батырлық, көріп-келдік, емшілік сияқты ерекше қасиеттері болғандығында, — дейді тарих ғылымдарының докторанты Анар Екимбаева.

Бүгінде «Қыз әулиелерге» тәу етіп, зиярат жасайтын адам бүкіл Қазақстаннан, тіпті шетелден қысы-жазы үзілмейді екен. «Қыз әулие» феномені өзінің мәні мен маңызы тұрғысынан «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясындағы»

басқа да қасиетті орыннан кем түспейді. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, «Қыз әулиенің» аты ұмытылған. Қыз әулие туралы небір қызықты жайт, әңгіме әртүрлі. Алайда нақты шыққан тегі, қай кезеңде өмір сүргені туралы мәлімет аз. Анар Екимбаеваның айтуынша, «Қыз әулие» атанған қасиетті жерлердің көбі табиғи су көздерімен тығыз байланысты. Жалпы, адамзат тарихында әйел мен судың байланысы туралы әңгіме кең тараған. «Қыз әулие» бейіттеріне зиярат етіп келген жұрт қасындағы емдік-шипалы балшығына түсіп, бұлақ суына шомылып, кейбіреулер дертінен құлантаза айғып кетіп жатады.

Жоғарыда айтқанымыздай, бізді қызықтырғаны — «Елмен елді жарастырған — Қыз әулие» дейтін тәмсілдің тарихы. Сондықтан тарихшы-этнограф Жамбыл Артықбаевты әңгімеге тарттық.

— «Қыз әулие» жеті әулиенің қатарына кірмейді. Бұл — өзі ерекше бөлек дүние. Бұл — өте көне заманмен, біз Тас дәуірі деп жүрген дәуірмен байланысты. Мен Қазақстанда 20-30-дай «Қыз әулиені» білемін. Бүкіл таулы-тасты жердің бәрінде де «Қыз әулие» бар. Алғаш рет мен «Қыз әулиені» Қарқаралы кент таулары, Кент Қазылықтан көрдім. Тастың қуысы, шамасы ерте замандарда, Тас дәуірінде адамдар мекендеген болуы керек. Манайдағы ел ақ байлайды, шөрі байлайды келіп. Кейде түрлі ырым жасап жатады, түнейді, — дейді Жамбыл Артықбаев.

Десе де, Жамбыл Артықбаевтың түсіндіруінше, «Қыз әулие» феномені белгілі дәрежеде материархатпен де байланысты болуы мүмкін. Қалай болғанда да алғашқы қауымдық құрылыс заманы кезінде әйел адамдардың қоғамдағы орны ерекше болды. Өйткені тамақ табу, тіршілік жасау, тірлікті жалғастыру керек болды. Бұл шаруалардың барлығын негізінен әйел атқарды. Ол кезде мәселен қолға малдың үйретілмеген кезі, егіншіліктің әлі шықпаған кезі. Осы кезде әйелдердің рөлі жоғары болғаны белгілі. Тіршілік, күнкөріс қамы да әйелдің мойнында еді. Ол кездегі түсінік бойынша ер адамдар мал табушы, ал әйелдер ұқсатушы, нақты іске жаратушы ролінде болды.

— Иә, «Елмен елдің арасын қосқан — Қыз әулие» деген сөз бар. Өйткені қазақ «Қыз өріс» деп айтады. Қызды ұзатасың, өзге елмен қарым-қатынас жасайсың. Олар сенің одақтасың болады. Қандай бір үлкен саяси шаруаларда, соғыс жаугершілік кезінде қазаққа одақтас керек. Сондықтан әр ру, әр ата өзіне одақтас табуға тырысады. Міне, осы кезде құдалардың орны бөлек. Жұт болады, жаугершілік болады. Сондықтан

елмен елдің арасын қосқан «Қыз әулие» дейтіні сол. Қазақ қызды бетінен қақпайды, ағайын-туыс түгел еркелетеді. Жасауын жасайды. Қорғаштайды. Мұның әлемі бір көріністерін терең білгісі келген адам, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романын оқыса, Ақбілектің кішкентай кезін есіне түсіріп отырған кезі, міне сол қазаки тәрбие. Бұл — ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басы. Ертеде де осындай тәрбие болған, — дейді этнограф ғалым.

Қазақтың қызды тәрбиелеудегі ерекшеліктерін ескере болсақ, қазақ қоғамында тәртіп, тәрбие мәселесі белгілі бір ережелермен — шеше тәрбиесі, әжелер тәрбиесімен өлшенген. Қазақ қызы — аруыттың, намыстың өлшемі. Отбасы қоғамның ұясы, мемлекеттің ұясы саналды. Жамбыл Артықбаевтың айтуынша, отаршыл Ресей ХХ ғасырда қазақты таза отаршылыққа көндірді, отаршылықпен бірге кедейлік келді. Репрессиялар бас-талды. Содан дәстүр-салтымыздан, әдет-ғұрпымыздан айырылып қалдық. Қазір қазақтың дәстүр-салты деп жүргеннің көбі қазақтыкі емес. Бұл жоқшылықтан шыққан елдің өзінің ойлап тауып, аннан көріп, мұннан көріп, жасап жатқан дүниелері. Қазір қазақ тойы — өте жек-

көрінішті той. Дәстүр-салттан айырылған, ысырапқа негізделген той. Қазақ ешқашан ысырапшылыққа жол бермеген, бәрін есеппен жасаған. Қазақтың қалыңмал алуы, беруі бәрі есептеледі. Қазақ отбасы есеппен, ақылмен құрылады. Отбасы мемлекет десек, есеп болмаса бәрін құриды. Ұнату, сүю бір-біріне ғашық болу — ол сезім. Мәселен, қыз алып қашуды дәстүр сияқты айтып жүр. Қазақ қоғамында қайдағы қыз алып қашу... Қыз бала айттырылады, қалың малы төленіп қояды, ол — біреудің аманаты. Сондықтан қыз алып қашу деген өте сирек құбылыс еді.

— Қазақтың қыз балаға көзқарасы, қыз балаға құрметі ерен. Ал ата дәстүрден айырылып қалғаннан кейін әйелді тым жоғары немесе тым төмен бағалау етек алып барады. Қазақ дүниетанымында анаға деген құрмет өте жоғары болатын. Көшпелі қоғам қызды, әйелді, ананы отбасының тірегі, тіршіліктің көзіне балады. Мәселен, қазақ отбасында әркімнің өз еншісі бар. Жаңа түскен келіннің де, жаңа туған баланың да өз еншісі, меншікті мал-мүлкі бар. Қазақта еркек — түздің адамы. Ал әйел отбасы-ошақ қасының барлық тіршілігін үйлестіруші саналады. Бір сөзбен айтсақ, әйел — өндіріс иесі. Әйел малдың сүтінен бастап, жүн-жұрқасынан өнім өдіріп, тұрмыстық қажетті өтеуге бейімделген. Бірақ бір ескеретін нәрсе — қазақ қоғамы патериярхалдық жүйеге негізделгеніне байланысты ер адамға деген құрмет ерекше болды. Ерін сыйлау қағидасын да қазақ әйелі өзі қалыптастырды. Ер елді қорғауға міндетті. Жаугершілік, барымта, соғыстарда жанын пида етіп, ойланбастан елі үшін өмірін кию дайын ұрпақты да қазақ әйелі тәрбиелейді, — дейді Жамбыл Артықбаев.

Ал журналист Бекен Қайратұлы: — Негізі, әулие деген сөз арабша уәли деген сөз. Қазақша «Алланың досы» деген мағынаны білдіреді. Демек, тек Алланы еске алушы һәм оның үкімін орындаушы кім болсын ол — әулие. Ол қыз бол ма, кемпір бола ма, шал ма... бәрі бір. Әулиенің басты ерекшелегі — оның дұғасы қабыл болады. Ал бүгінгі жұрттың әулиелердің басына барып, зиярат етіп, тілек тілеуі дінге қайшы әрі үлкен күнә. Таука адам тірі де әулие де, өлген соң аруақ. Қазақ «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» дейді, — деген ойын айтты.

ТҮЙІН:

Кім не десе де, қазақтың рухани-тұрмыстық этнографиясында «Қыз әулие» феномені қалыптасқан. Мейлі «Қыз әулие» аталған қасиетті, киелі орындарға барып, тәу етіп, зиярат жасасын, мейлі Қыз «Ел мен елді жарастырған» әулие атансын, халық танымындағы қыз балаға, әйелге және анаға деген құрметтің калірін арттырмаса, кемсітіп тұрған жоқ...

КӨРКІҢНЕН СЕНІҢ АЙНАЛДЫМ, ЕРКЕМ

Бойындағы тәрбие мен сұлулығы қатар сынға түсетін «Қазақ аруы» байқауы ең алғаш рет тәуелсіздік алғанымызға дейін 1989 жылы Алматы қаласында өтті. Еліміздегі ең сұлу бойжеткенді анықтайтын аталмыш байқау 1997 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Бұл – ақылына көркі сай аруларды анықтайтын сұлулық бәйгесіне айналды. Байқау тәжін киген арулардың кейбірі экран арқылы халыққа жаңа қырынан танылып жатса, енді бірқатары өзі қалаған іспен айналысып кеткен. Бүгінге дейін өткен байқаулардың жеңімпазы атанған аруларымыз қазір қайда, немен айналысып жүр? Аруларымызға хабарласып көрдік.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

— «Қазақ аруы» атағын алғаннан кейін менде өзіме деген сенімділік артты. Бұл сезім бүгінгі күнге дейін жалғасып отырғанын жасыра алмаймын. Байқаудағы жеңісім өміріме де, жұмысыма да оң ықпалын тигізді десем болады. Жалпы, мұндай сұлулық байқауы жас арулардың өзіне деген сенімін арттырып, өздерін ең ақылды, ең сұлу қыз ретінде сезінуге мүмкіндіктер береді десем болады. Шынымды айтсам, ең алғашқы конкурстың талабы қазіргі болатын байқаулардан әлдеқайда ерекшеленетін сияқты. Өйткені сол уақыттарда қыздардың бойына байланысты шектеу болған жоқ. Қазіргі қатысушыларға қарасаң, байқауда бұрын болмаған талаптар көсінілген. Әрине, байқауға сыртқы көрінісі ерекше қыздардың қатысканы да дұрыс қой. Дегенмен, алғашқы конкурстың талабы да, әсері де ерекше болады ғой. Тіпті, кастингтің өзі кең көлемде өтіп, байқаудың жарнамасы жер жаратын, ал қазір болатын байқауға кастингтің өтіп жатқанын да естімейтін сияқтымыз. Шыны керек, қазір «Мисс Қазақстан» атанған қыз әртүрлі өнерге ие. Бірақ оларды бақылап көрмеппін. Жалпы, бұрынғы мен қазіргі байқау арасында жер мен көктей айырмашылық болса да, ұқсастығы бар. Ол — тек сыртқы

сұлулықты ғана емес, ішкі сұлулықты да тандап алу. Сондықтан қазылар осылардың бәріне мән береді деп ойлаймын, — деді тұңғыш «Қазақ аруы» байқауының жеңімпазы Сәуле Рахметова. Ал кейінгі жылдары «Қазақ аруының» тәжін киген қыздардың арасында «Әлем аруы» байқауында бақ сынап, еліміздің атынан қатысып жүргендері де болды. Олар «Қазақ аруы—1999» жеңімпазы Әсел Исабаева, «Қазақ аруы-2003» жеңімпазы Сәуле Жүнісова, «Қазақ аруы—2006» жеңімпазы Гауһар Рахметалиева, «Қазақ аруы—2007» жеңімпазы Альфина Насырова және «Қазақ аруы—2012» жеңімпазы Айнура Төлеуова. Ал биыл «Әлем аруы» халықаралық сұлулық байқауына «Қазақстан аруы —2022» байқауының жеңімпазы Томирис Кәкімова қатысатын болады. Қазір аруларға модель болудың құпиясымен бөлісіп жүрген «Қазақ аруы» 9 наурызда Мумбайда өтетін халықаралық байқауға қызу дайындық үстінде екен. Аталмыш байқау кез келген арудың болашағының жарқын болуына әсер ететіні рас. Байқаудағы жетістіктерін әрі қарай жалғастырған нәзік жандылар да бар. Мәселен, «Қазақ аруы—2014» сұлулық байқауындағы жеңімпаз Гүлнәз Жоланова түрлі отандық кинода басты кейіпкерді сомдап, өнер саласында қызмет етіп жүр. Ал 2019 жылы Қазақстанның «мисі» болған Сәния Темірханова Atameken-Business



телеарнасында тележүргізушісі болып қызмет атқарады. 2011 жылы Қазақстанның әр өңірінен жиналған 500-ге жуық бойжеткеннің ішінен суырылып, «Қазақ аруы—2011» байқауының жеңімпазы атанған Ләззат Қалдыбекова болатын. Ару байқауға дейін Алматы қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына қабылданған екен. Қазір де осы театрдың



«2017 жылы тұрмысқа шыққан соң, медиа саласынан мүлде алыстап кеттім. Өзімнің мамандығым бойынша мемлекеттік қызметте жұмыс істеп жүргеніме алты жыл болды. Қазақтың қарапайым қыздары сияқты ата-енемен тұратын үлгілі келімін, аяулы жар, екі баланың ардақты анасымын», — дейді Қоскелова. Күміспен көмкерілген тәже таланты мен ажары ұштасатын арулар ғана ие болады. Содан кейін мүмкіндіктер толы



«Қазақ аруы» байқауы жеңімпаздардың бағын жағатыны рас, десе де алдағы жолын өзі таңдайтын арулар бәйгенің жүлдесіне ығып қалмай, өзіне ұнайтын іспен айналысып, өмірден өз жолын тапқандар да бар.

актрисасы. Жакында режиссер Болат Атабаевтың «Мәңгілік бала бейне» пьесасының желісімен қайта жанарып қойылған спектакльде Шөміш рөлін ойнады.

Байқауда бағы жанған арудың бірі — Кәмшат Қоскелова. 2011 жылы өткен байқаудың жеңімпазы. Айтуынша, байқаудан кейін бір жыл шамасында медиа саласында жүріп, бағдарламалар жүргізген және қыскаметражды фильмдерге түскен.

қакпанын ашылуы да әбден мүмкін. 2016 жылы «Қазақ аруы» атанғы Альмира Ахатоваға бұйырды. Атыраулық ару байқаудан кейін өмірінің жаксы жакқа өзгергенін жасырмады. «Қазақ аруы» телехикаясында эпизодтық рөлді сомдап, бірнеше бейнеклипке түсіпті.

— Сұлулықты анықтайтын доданың басты талаптары іріктеу кезінен басталады. Негізі олар жыл сайын өзгереді деген сөзге келісе қоймаймын, байқау ережелері тұрақты. Мен сегіз жыл бұрын «Қазақстан



Тарих қойнауына үңілсек, еліміз азаттық таңына қол жеткізбей тұрып қаншама қиын-қыстау кезеңді басынан өткерді. Сондай бір қысылтаяң шақта қара басының қамын емес, халықтың жағдайын ойлап, қолұшын созғандардың арасында әйелдердің рөлі орасан зор болды. Солардың бірі — қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның халықтың ағартуда қосқан үлесі мен қызмет жолы жайлы тың деректер әлі күнге дейін толыққанды ашылмай, беймәлім күйінде жатыр. Біз мереке қарсаңында қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер жайлы тарихшы Алмас Жүнісбаймен сұхбат құрған едік.



Алмас ЖҮНІСБАЙ,
тарихшы:

ГҮЛСІМ АСФЕНДИЯРОВА – ӘБІЛҚАЙЫР ХАҢХАНЫҢ ҰРПАҒЫ

ТАЛАЙ НӘРЕСТЕНІҢ ДҮНИЕГЕ
КЕЛУІНЕ КӨМЕКТЕСТІ

— 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі саяси билікті өз қолына алған большевик билігі тұсында да Гүлсім Асфендиярова дәрігерлік және оқытушылық қызметін жалғастырыпты. Сол тұста ғылымда әйелдердің рөлі қандай маңызға ие болды?
— Гүлсім Хиуада қызмет еткен соң әрі туыстары Ташкентте орналасқандықтан,

— Алмас мырза, нәубет жылдары халық игілігі үшін қызмет етіп, өз саласының тұңғышы әрі жарқ еткен жұлдызы атанған тұлғаларымыз туралы бірі білсе, бірі біле бермейді. Соның бірі — қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер Гүлсім Асфендиярова. Оның «тұңғыш» атануына қандай іс-әрекеттері мен жүріп өткен жолы себеп болды?

— Гүлсім Асфендиярова хан-сұлтандардың отбасында дүниеге келген. Әкесі Сейітжапар Асфендиярұлы Әбілқайыр ханның ұрпақтарынан тараса, шешесі Гүландам Қошқарбайқызы Абылай ханның ұрпағы саналады. Осындай текті әулеттен шыққан Гүлсім Асфендиярова 1880 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Гүлсімнің ата-анасы отбасында бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлді. Балалар мектепке барғанға дейін отбасында тәрбиеленді, яғни білім беру мәселесіне анасы Гүландам Қасымова жауап берген. Демек, Гүлсімнің анасы сауатты қазақ қыздарының бірі болғанын аңғаруға болады. Олар отбасында дүниеге келген сегіз балаға да жынысына, сол кезеңдегі дәстүрлі қоғамның қарсылығына қарамастан толыққанды білім беруге тырысқан. Сейітжапар мен Гүландам төрт қызын да Түркістандағы қыздарға арналған ең үздік оқу орны — Ташкент қыздар гимназиясына оқуға береді. Гүлсім оқуды үздік бағамен тәмамдаған соң болашақта дәрігер боламын деген үлкен мақсат қояды. Себебі сол уақытта Түркістан өлкесінде бірнеше індет пен жұқпалы ауру кең тараған кез еді. Жалпы, мұсылман халқының медициналық көмекке мұқтаж болғанын көрген Гүлсім Ташкентте арнайы латын тілінде дайындалып, емтихан тапсырып, куәлік алып, Петерборға аттанды. Ол Петербордағы Қыздар медициналық институтына, дәлірек айтсақ, қазіргі академик И.Павлов атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік медициналық университетіне оқуға түседі. Сол тұста институт Еуропадағы медицина саласында білім беретін қыздарға арналған жалғыз университет еді. Бұл институтқа Гүлсім жалғыз өзі түскен жок. Мұнда Түркістан өлкесінің бірнеше тумасы, соның ішінде еврей, неміс және т.б. ұлт өкілдері оқыды. Бірақ 1900 жылы түрік мұсылман халықтарының арасынан шыққан екі қыз ғана оқуға түседі. Ол полковник Асфендияровтың қызы — Гүлсім Асфендиярова болса, екіншісі подполковник Садық Әбдірахмановтың қызы — Зейнеп Әбдірахманова. Зейнептің ұлтты — татар, Гүлсімнің ұлтты — қазақ. Гүлсім 1908 жылы аталған оқу орнын өте жақсы көрсеткішпен аяқтайды. Арнайы қыздар университеті болғандықтан, олар дәрігер-терапевт деген мамандықты алып шығады, яғни Гүлсім тек әйелдер мен балаларға дәрігерлік көмек көрсетуге құқылы болды. Университеттегі емтихандарын тапсырған соң ол патша Николайдың атына хат жазды. Гүлсімнің хатында өзі Түркістанның тумасы болғандықтан, өңірдің тұрмыс-салтын, жергілікті халықтың тілін жақсы білгендіктен, сондай-ақ халыққа қызмет еткісі келгендіктен оны өзге аймаққа емес, Түркістан өлкесіне дәрігерлік қызметке жіберу туралы өтініш білдіреді. Нәтижесінде, өтініші қабылданып, ол Түркістандағы Темірлан ауылдық-дәрігерлік учаскесіне, қазіргі Түлкібас ауданына дәрігерлік қызметке жіберіледі. Қарап отырсақ, Гүлсім — қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш дәрігер ғана емес, Ресейдегі жоғары оқу орнын аяқтаған алғашқы қазақ қызы.



1917 жылы 24-27 сәуір аралығында Қазан қаласында өткен І Бүкілресейлік мұсылман әйелдерінің съезі



Гүлсім —
қазақ қыздарының
арасынан шыққан тұңғыш
дәрігер ғана емес,
Ресейдегі жоғары оқу орнын
аяқтаған алғашқы
қазақ қызы.



Ташкентке ауысу жолдарын қарастырды. 1914 жылы Ташкент қаласының мұсылман бөлігінде құрылған арнайы перзентханада жетекші қызметіне тағайындалып, сол жердің қызметін ұйымдастырады. Осы уақытта Гүлсім талай нәрестенің дүниеге келуіне көмектесті. Ол түркі мұсылман халықтарының арасында оқыған санаулы қыздардың бірі болғандықтан, революция келіп билік ауысып жатқан шақта Гүлсімді түрлі қоғамдық жұмыстарға тарта бастады. 1917 жылы тамызда Түркістан өлкесі қазақтарының жиыны өтті. Халық Гүлсім Асфендиярованы Ресейде өтетін құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде сайлап, оған үлкен сенім артады. Одан бөлек, 1917 жылы 24-27 сәуір аралығында Қазан қаласында І Бүкілресейлік мұсылман әйелдерінің съезі өтті. Сол жиынға Түркістаннан Гүлсім Асфендиярова, татар ұлттынан шыққан С.Еникеева және қазақ өлкесінен Акқағаз Досжанова арнайы делегат ретінде бастап барды. Сол сәттегі суреттер әлі күнге дейін сақталған. Гүлсім жиында әйелдердің құқығын, ана мен баланың денсаулығын қорғау, төндік мәселелерін көтерген адам еді. Кейін Ташкентте перзентхананы басқара жүріп, туған інісі Санжар Асфендияров 1919 жылы Түркістан Республикасының денсаулық сақтау халық комиссиарының қызметін атқарған кезде жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан дәрігерлерді даярлау жұмысына

айналысқан адам. Екіншіден, Гүлсімнің өзі де дәрігерлік медицина институтын тәмамдап, дәрігерлік қызметін жалғастырды. Ол — Орталық Азияда дәрігер ретінде танымал болған жан. Мәселен, Акқағаз Досжанованың өзі де Гүлсімді медицина саласындағы ұстазы ретінде тұтқан. Санжар Асфендияров — революцияға дейін медициналық академияны аяқтаған бес қазақтың бірі. Бұл — назар аударарлық маңызды факт. Санжар Асфендияровтың кіші қарындасы Анель Асфендиярова Рагоза Николай Ивановичке тұрмысқа шығады. Ол Санжар Асфендияровпен бір уақытта императорлық әскери медицинада оқып, кейіннен Түркістан өлкесінде әскери медициналық қызметпен айналысады. Кейіннен Ленинградтағы әскери-медициналық академияның жұқпалы аурулар кафедрасында басшылық еткен. Біраз ғылыми еңбектерімен танылып, нәтижесінде әскери медициналық қызметтің генералы қызметіне қол жеткізді. Олар Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Ташкенттен Петерборға келіп, әскери медициналық қызметтің дамуына үлес қосады. Осындай құнды деректерден кейін Асфендияров әулеті және сол отбасының мүшелерімен туыс болған адамдар медицина саласында ойып тұрып орын алған, өз ізін қалдырған мамандар деп түйіндеуге болады.
— Жоғары медициналық білім алып, дипломы дәрігер атанған алғашқы қа-

денгейде әйел мәселесіне қатысты мәселелерде пікірін ашық білдіріп, жағдайдың оң шешілуіне ықпал етті. 1919 жылы Ташкентте Қазақ ағарту институты құрылды. Сол жерде Санжардың тағы бір туған қарындасы ұстаздық қызметпен айналысты. Одан бөлек, Лапиндер әулетінен шыққан адамдар да әйел құқығы, олардың қоғамда өз орнын таба білуі және еңбекке тарту ісіне атсалысты. Санжар Асфендияровтың әйелі Рабиға Асфендиярова — революцияға дейін Петербордағы жоғары оқу орындарының бірі Павловский қайырымды қыздар институтында білім алған санаулы қазақ қыздарының бірі. Тіпті, қазақтар ғана емес, жалпы түрік мұсылман қыздарының арасынан шыққан санаулысы ғана деп айтуға болады. Рабиға Лапина — текті әулеттің қызы. Серәлі Лапиннің қызы институтта білім алған сауатты маман ретінде бірқатар мемлекеттік органдарда қызмет атқарды. Мәселен, қазіргі Алматы қаласында орналасқан Ұлттық кітапханада өңдеу бөлімінің меңгерушісі қызметімен айналысты. Ал Бибіайша Асфендиярова кейіннен құрылған КСРО Ғылым академиясы қазақ филиалының жанындағы тарихи-археографиялық комиссияның хатшысы болды.

ӘР ҚАЙРАТКЕР ӨЗ ІЗДЕУШІСІН
КҮТІП ЖАТЫР

— Дәрігер болу — жауапкершілік жүгі ауыр мамандық. Кемегі жер сілкінісі кезінде дәрігерлерге қатысты әлеуметтік желіде кең тараған видеолар да сөзімізге дәлел болмақ. Ал азаттыққа қол жеткізбей тұрып, сонау қиын-қыстау кезеңде жұқпалы індеттермен күрескен дәрігерлер туралы ақпарат әлі күнге дейін ашылмаған сандық күйінде жатыр, яғни олар жайлы деректер көмескі. Тарихта атқарған еңбегі орасан зор тұлғаларымыздың есімі мен ерлігі бүгінгі ұрпаққа толық жетті ме?
— Өкінішке қарай, Қазақстанда медицина, соның ішінде денсаулық сақтау саласының тарихын зерттеу мәселесі кенжелеп дамып келеді. Бұл туралы Кеңес заманында негізгі еңбектерде жарияланғанымен, біршама мәселе шет қалды. 1970-1980 жылдары қазақтан шыққан алғашқы дәрігерлерді қазаққа таныту мәселесі төңірегінде бірқатар еңбектер жарық көрді. Олардың ішінде Мұхамеджан Қарабаев, Акқағаз Досжанова туралы жазылған еңбектерді атап өтуге болады. Кейін 1984 жылы «Қазақтың алғашқы дәрігерлері» деген кітап жарыққа шықты. Сол кезде адамдар алғаш рет Мәскеу, Қазан қаласындағы медицина университеттерінде білім алып, елге оралған соң дәрігерлік қызметпен айналысқан қазақтар туралы біле бастады. Алайда әлі күнге дейін қайраткерлердің өмір жолы мен қызметі толық қалпына келген жок. Сондықтан олар жайлы маңызды деректер бүгінгі ұрпаққа толық жетті деп айта алмаймыз. Әр қайраткер әлі де өз іздеушісін күтіп жатыр. Біз жоғарыда атап өткен Санжар, Гүлсім, Акқағаздан өзге есімдері беймәлім қалған қаншама қайраткер бар. Революцияға дейін әскери қызметкерлер мемлекеттік қызметтен өтуге міндетті болса, дәрігерлер де тіркеуге алынып, қызмет етуге мәжбүр болды. Соғыс жағдайында індет тараған жағдайда дәрігерлерді тіркеуге алып, белгілі бір жұмысты атқаруға жұмылдырды. Мысалы, Түркістанға Бұхарадан, Хиуадан кірген індеттерге қарсы күрес жұмыстарына жұмылдырылған дәрігерлердің қатарында Санжар Асфендияров та болды. 2000 жылы «Кто есть кто в медицине» атты биографиялық анықтама кітабы жарық көрді. Бұл кітапта жүзге тарта қазақтан шыққан дәрігерлердің өмірбаяндары берілді. Дегенмен деректер әлі де толықтыруды, сан қырлы жағынан зерттеуді талап етеді.

ГҮЛСІМ ТУРАЛЫ
ДЕРЕКТЕР ӨЗБЕКСТАН
МҰРАҒАТТАРЫНДА ЖАТЫР

— Гүлсім Асфендиярова — өз заманында дәрігерлік оқу орындарының беделін көтеру мәселесін шешуге білек сыбана атсалысқандардың бірі де бірегейі. Кейінірек дәрігердің ізінен ерп, жолын жалғастырған шәкірттері болды ма?

— Бұл сұрағыңызға жауап беру өте қиын дер едім. Гүлсім Асфендиярованың 1920 жылға дейінгі өмірі мен қызметі мұрағат деректерінің негізінде зерттелген. Сол тұста біраз дүние назарға алынып, факт ретінде нақтыланды. Ал 1920-1937 жылдардағы 17 жылдық аралық әлі зерттелген жок. Өкінішке қарай, Гүлсімнің қызметін ашып көрсететін құжаттар Өзбекстанның мұрағаттарында жатыр. Көршілес өзбек халқы тарапынан Гүлсім Асфендиярованы зерттеп жүрген зерттеушілер өте аз. Кезінде тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадирман Махмудов пен оның қызы арнайы зерттеулер жүргізіп, мақалалар жазды. Бірақ Гүлсім Асфендиярова жайлы толыққанды зерттеу жұмысы әлі де жүргізілмеді. Сондықтан оның өмір жолының бізге жетпеген беймәлім тұстары өте көп дер едім. Ал енді «шәкірттері кім?» деген сауалға жауап беру қиын... Гүлсім — өзі қызметте болған мекемеде, аурухана немесе перзентхана болсын азаматтық ұстанымы мен дәрігерлік борышын алғашқы орныға қойған маман. Ол ұстаздық жолында қызмет етуден ешқашан бас тартқан емес. Қолынан келгенше айналасына бар көмегін аймауға тырысты. Бәлкім, артынан ерген шәкірттері бар шығар, бірақ біз олардың небір естеліктерінен таба алмай жатырмыз. Болашақта Ташкентте іссапармен жол түсіп жатса мұрағатқа барып, Гүлсім Асфендиярова туралы тың деректерді тауып, қалың оқырман назарына ұсынамыз деп ойлаймын.
— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

белсеуе қатысады. Газеттерге арнайы үндеулер жарияланды. Дәрігер көмекшісі, мейірбике, фельдшер мамандығына қысқа және ұзақмерзімді курстарды ұйымдастыруға атсалысып, курстардың оқу бағдарламасын жазды. Сол курстарда өзі де дәріс оқып, ұстаздық қызметпен айналысты.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДА ӨЗ ІЗІН
ҚАЛДЫРҒАН МАМАНДАР
— Тарихи деректерде Гүлсім Асфендиярованың қазақ арасынан шыққан тұңғыш

зақ әйелдері XX ғасырдың басында **феминистік қозғалыстың алдыңғы қатардағы көшбасшылары болған деп баға берілген. Олардың арасында Гүлсім Асфендиярова мен Акқағаз Досжанованың есімі ерекше аталады. Одан өзге бұл қатарда тағы қандай тұлғалар болды?**

— Бұл сұраққа біржақты жауап беру қиын. Сол кезеңдегі феминистік қозғалыс деп айту қиынсыз шығар, бірақ қазіргі тілмен айтсақ, иә, феминистік қозғалыс деуге келеді. Бұл тұста жергілікті билік,



Екінші қатарда сол жақтан бірінші отырған Гүлсім

дәрігерлердің бірі Санжар Асфендияровтың әкесі екені айтылады. Осыдан кейін «медицина ғылымымен тұтас бір династия айналысты ма?» деген сауал туындайды...

— Иә, расында солай айтуға негіз бар. Біріншіден, Гүлсім өз оқуын аяқтағанға дейін оның туған әкесі Бибіайша Асфендиярова Әли Көтбаровқа тұрмысқа шығады. Ал Әли — қазақтың арасынан ғана емес, Орталық Азиядағы түрік мұсылман халықтары арасынан Петербордағы Жоғары әскери медициналық академияны алғаш аяқтап, Қызылорда өңірінде дәрігерлік қызметпен

Түркістан автономиясы, Алашорда үкіметі, онымен қоса Уақытша үкімет те әйел төндігін қорғау, яғни ғасырлар бойы тенсіздік, құқықсыз жағдайында өмір сүріп келген әйелдер мәселесіне өте қатты көңіл бөлді. Қалыңмалды жою, әйелдер мен қыздарға ұлдармен бірдей тең құқылы білім беру, қыздарды мектеп пен университеттерге оқуға беру, жұмыс бабымен қызмет көрсету, сонымен қатар ана мен бала денсаулығы мәселесіне мән берген. Осы қозғалыстың қатарында өзінің қызметімен танылған Гүлсім Асфендиярова да табылады. Ол мемлекеттік

Сағындық Қыдыр 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысының Отырар ауданындағы Ақтөбе ауылында қарапайым отбасында дүниеге келді. 1957 жылы Арыс қаласында мектепті үздік аяқтап, Ташкент политехника институтына түсіп, оны да үздік бітіріп, жолдамамен Самарқан қаласында инженер-электрик болып қызметін бастады. 1964 жылы Қазақстанға келіп, жаңадан салынған Одақтағы ірі өндіріс алыбы — Шымкент фосфор зауытының подстанция басшысы болып 4 жылдан астам жұмыс істеді, қала орталығынан



пәтер берілді. Жұмыс бабында алдында тұрған үлкен мүмкіндіктерге қарамас-тан, туған жерінде еңбек ету және ауылдағы жасы келіп қалған ата-анасына жағдай жасау үшін елге оралып, оншақты жыл Қызылқұм (Отырар) ауданындағы Шәуілдір селосында Аудандық электр желілері мекемесінің бастығы болып қызмет істеді. Сол кезде ол кісі Отырар ауданындағы тұңғыш жоғары білімді инженер-энергетик болатын. Терең білімді, іскер басшы аумағы үлкен ауданның шалғай елді мекендеріне, шопандар мен мал фермаларына дейін жарық тартылуын қамтамасыз етіп, жерлестерінің ризашылығына бөленді. Тұңғыш ауатком төрағасы Дүйсенбай Алтынбеков канал қаздырып, елге тіршілік нәрін әкелсе, Сағындық Қыдыр қойшы ауылға дейін ток

Қазақта «парасатты» деген қасиетті ұғым бар. Бұл адамдар арасында, қоғамда кездесетін сан түрлі қайшылықта әділ пікір айта алатын, ақыл-кеңес беретін, қоғамның дамуына байланысты құнды ұсыныстарымен ерекшеленетін білімді, мәдениетті, өмірден көргені де, түйгені де мол, жаны таза, адал азаматқа айтылады. Осындай қасиеттерді бойына сіңірген Сағындық Қыдыр ағамыз бүкіл саналы ғұмырын өңір экономикасының өсіп-өркендеуіне, туған жері қасиетті Отырардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани саласының дамуына арнады. Сағындық ағамыз: «Әр пенденің өмір жолында өзіне лайықты асулары болады, оның кейбірі аласа, кейбірі биік. Ал кейбірі асу бермес асқар шыңдай болады», — деп отыратын. Ағамыздың өзі айтқандай, ол өмір жолында өзіне лайықты, биік, қиын да қызықты асулардан өтті, таза жүріп, таза тұрып, бүкіл ғұмырын еліне адал қызмет етуге арнады.

алтын дінгегі — қасиетті Отырардың тарихы, өз айналасындағы тағдырлы адамдар, оқиғалар туралы ойларын қағазға түсіріп, мерзімді басылмаларда үнемі жариялап отырды. Соңғы жылдары «Өмір өткелдері», «Асулар» атты кітаптары жарық көрді. Бұл кітаптарға ақсақалдың зерттеулері, өмірбаяндық жазбаларымен қатар, Сағындық ағамыздың төл шығармашылық дүниелері — әңгіме, эссе, өлеңдері де енген.

«Өмірінің қадау-қадау, жарқын, шешуші кезеңдерін адам өзінің бақыты сөті деп есептесе керек. Бақыт — адамға үздіксіз берілетін көңіл күй емес, өмірінің үздік-үздік сәттері. Осындай айшықты сәттері көп болған адам өзін бақытты сезінсе керек. Соғыс

жылдарында әке-шешем мал соңында жүрген құмдағы тіршілігіміздің қиыншылығы мол болса да, сол бір кез, сол бір көктем менің балалық шағымның бақытты кезі еді» деп абыз ақсақал «Асулар» жинағына енген күнделігінде өмірдің мәніне үнілген екен. Иә, ұмытылмас сәттер адамға қашан да қымбат. Мынау жарық дүниеде 85 жыл ғұмыр кешкен Сағындық Қыдыр сабырлы, парасатты, байсалды мінезімен, ойлы пікірлерімен ерекшеленетін жан еді. Ол ешқашан артық-ауыс сөз айтпайтын, өзінің пікірін, ой-толғамын ашық білдіретін кісі еді. Ол өрқашан да «адал болындар, таза жүріндер, ешкімге қиянат жасамаңдар» деген қағидамен өмір сүрді.

ПАРАСАТ БИІГІНДЕ



Қазақта: «Әдемі қартая білу де бақыт» деген сөз бар. Сағындық Қыдыр ағамыз осындай әдемі қартайған қазыналы қарттарымыздың бірі еді. Ол «Отырар ауданының құрметті азаматы» болатын. «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері. Мамандығы инженер болғанымен, Сағындық ағамыз әдеби, тарихи кітапты көп оқитын, кітапханасы бай еді. Сондықтан да болар, ол руханият саласына жақын болатын, аудандағы әдебиет пен өнерсүйер қауым өкілдерінің басқосуларында төрде отыратын еді.

Ақсақал аудан әкімдігінің жанындағы қоғамдық кеңес мүшесі, «Отырар аудандық әдебиет және өнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы ретінде аудандағы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал етті, шығармашыл жастардың қамқоршысы бола білді. Ол аудандағы әдебиет сүйер қауымның жан дүниесіне үңіліп, олардың ой-пікірлерін, шығармаларын тңдап, кеңес айтып, қолынан келгенше көмек беріп жүрді.

Сағындық аға зайыбы Тазәгул жеңгеймен бірге бірнеше үл өсіріп, тәрбиеледі, немере, шөбере сүйді. Бүгінде олар елімізге белгілі азаматтар болып, ел игілігі жолында жемісті еңбек етуде.

Жерлестері Сәкен ағамыздың мұрасына ыждағатпен қарап отыр. Өлкетанушы, зерттеуші, қаламгер, шежіреші қарт Сағындық Қыдырұлының оқырманға жол тартқалы отырған кезекті үшінші кітабы — соның бір айғағы. Күні кеше ғана ортамызда жүрген жаны жайсаң, батағой жанның жазу үстелінде қалған мұрасын ұрпақтары жинақтап, көпшілік қауым назарына ұсынғалы отыр екен. Мұндай еңбектің тәлімі мен сабағы кейінгі буын үшін құнды болады деген сенімдеміз.

Қуаныш АЙТАХАНОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

СӘН САЛАСЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАНДАЙ?



Елімізде қазір бьюти-индустрия табысты сала болып отыр. Ұлттық статистика комитетінің дерегінше, 2022 жылы бұл салада көрсетілген қызметтер құны 34 млрд теңгеден асқан.

Fortune Business Insights болжамынша, 2029 жылы сұлулық салондарынан түсетін қаржы 355,4 млрд долларға жетеді, ал 2022–2029 жылдардағы орташа өсу қарқыны 7,4 долларды құрамақ. 2022 жылғы есеп бойынша елімізде 900 шамасында сұлулық салондары бар. Мамандардың айтуынша, ел экономикасы дамыған сайын бьюти-индустрияға сұраныс өсе бермек. Оралдың өзінде де сұлулық салондары қаптап тұр. Ең танымал қызмет түрі — шаш күтімі. Орал қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Мейрам Хайыровтың айтуынша, қазір бұл қалада 300-ден астам сұлулық салоны бар. Салон түрлі категорияға бөлінеді. Эконом салондар сұранысқа ие. Мұндай жерлерде көбіне шаш кию, сәндеу, маникюр, педикюр, шугаринг және косметология қызметтері көрсетіледі. Әсіресе, соңғы екеуі нағыз қаржы көзі болып отыр. Себебі қыз-келіншектер соңғы тиынның жұмсаса да косметологқа барады, шугаринг жасатады. Салон ашамын дегендер мұны біліп алған. Қазір аттап басқан сән салоны. Бірақ жақсы маман табу үшін іздену керек. Яғни, салондардың қаптап ашылғаны өзара бәсеке қалыптастырып отыр. Талғамы биік біздің бикештер, әсіресе косметолог, пластик-хирург дегендерді шертіп жүріп тандап барады. Себебі ешкім бет әлпетін бүлдіргісі келмейді.

Jusan Analytics зерттеу орталығы қазақстандықтардың 62 пайызы тандауына тұрақты екенін анықтаған, яғни тұтынушылардың көбі жыл бойы бір сол салонға барады. Көбіне-көп 20-30 жас аралығындағы сұлулар салон ауыстыруға бейім. Сондай-ақ әйелдер арасында сұлулыққа көп ақша жұмсайтын — 31-35 жастағылар. Мұны зерттеу орталығы әйелдердің осы кезде жалақысы өсіп, жағдайының жақсаруымен түсіндіреді. Ал ерлер салонға 46-50 жаста көбірек барады.

Біз тілдескен мамандар кейінгі уақытта әйелдермен қатар ерлер де сән процедураларға жиі келетінін айтады. Соңғы кездері ер адамдар сакал-мұртын бұрынғыдай үйінен алмай, арнайы салондарға барады екен. Олар да шугаринг қызметіне жиі жүретінін болып шықты. Бұдан бөлек, ерлер де қыз мезгілінде бетіне пилинг жасатады екен.

Пандемиядан кейін еліміздегі бьюти-индустрия жаңа бағытқа көшті. Енді арулар тек салондарға барып қызмет алмайды. Үйінде отырып маникюр, педикюр, шугаринг, макияж жасайтындар көбейген. Тәжірибелі косметолог Гүлназия Кенжабеваның айтуынша, бүгінде сұранысқа көп ие процедура — ерін үлкейту.

— Қазір қыз-келіншектердің көбі ерінін үлкейтуде құмар. Бұл инъекциялық жолмен жасалатын процедура. Сондай-ақ аруларымыз беттегі әжімдерге қарсы екпелерді көп салдырады. Ал қыс мезгілінде пилинг сұранысқа ие, — дейді косметолог.



Қазір қыз-келіншектер бет сұлулығына көп көңіл бөледі. Косметологтарды тыңғылықты тандайды, биоревитализация, мезотерапия, плазмотерапия сияқты процедура жасатады. Биоревитализация — беттің ішкі қабатына жіңішке ине арқылы гиалурон қышқылын жіберу. Бұл әдіс арулар үшін жасарудың таптырмас құралы. Бір аптадан кейін нәтижесі көрініп тұрады. Әрі қолжетімдісі де осы. Мұны мамандар да жокқа шығармай отыр.

— Биоревитализация бет-мойын терісін қалыпты ұстап тұру үшін таптырмас құрал. Бетке енгізілетін гиалурон қышқылы теріні ылғалдандырып, әжім түсудің алдын алады. Жалпы, теріге ылғал жетіспегенде әжім түседі. Сол үшін де гиалурон қышқылын құйғызып тұру керек. Ал әжімі тереңдеп кеткен бет терісіне ботокс жасаймыз. Бұл да инъекцияның түрі. Мұны қыздар көбіне көздің айналасы мен екі қастың ортасына жасатады. Салынған әр инъекция шамамен алты айға дейін ғана сақталады. Алты айдан кейін қайталағаны дұрыс. Мамандағым — дәрігер. Косметология саласында жұмыс істегеніме алты жылдан асты. Қазір сұлулығын сақтағысы келетін адам үшін бәрі бар. Әрине, бұған бірінші кезекте қыз-келіншектер көңіл бөледі. Маған аналар да өздерінің 15-16 жасар қыздарын әкеледі. Олардың беттерісі тегіс емес, қазір безеу көп. Әрине, жасөспірім қыздар үшін бұл үлкен стресс. Арнайы пилингті мен тазалау құралдары арқылы бетін теп-тегіс, тап-таза етіп береміз, — дейді Гүлназия Кенжабева.

Косметологтың айтуынша, сұлулық үйден басталуы керек. Егер үйдегі күтім, ұйқы мен тамақтану дұрыс жолға қойылмаса сән-салондарының есігін

тоздырғанның пайдасы аз. Маман қазір сән салонына әйелдерден қалыспай ерлер де көп келетінін айтады.

— Егер әйелдер ғана сұлулыққа құмар десек қателесеміз. Қазір жігіттер де жақсы күтінеді. Олар да салонға келіп, пилинг жасатады, бетін тазалаймыз, сакал-мұртын лазермен аламыз. Ерлер де әдемі болғысы келеді, — дейді Гүлназия Кенжабева.

Сұлулық құрбандықты «талап» етеді деп жатамыз. Әдетте, классикалық салондардың қызметін тұтыну былай тұрсын артық-кемін толтыру үшін хирургтың алдына баратын қыз-келіншектер де баршылық. Қазір сұлулар арасында пластикалық хирургияға жүгінетіндер көп — төсін үлкейту, кішірейту, артық майын алдыру, әжімдерін тарту секілді ота түрлері өте кең тараған. Бүгінде бьюти-индустрияда кең тараған операцияның бірі — блефροпластика. Бұл шағын отанын түрі. Мұны кәдімгі пластикалық операция жасайтын хирургтар жасайды. Көздің астыңғы, үстіңгі салбыраған артық терісін сылып, алып тастайды. Содан кейін адамның көз жанары ашылып, жарқырап шыға келеді. Оралда бұл отанын құны шамамен 200-350 мың теңгенің айналасында.

Жалпы, БҚО-ға пластикалық хирургияны алып келген маман — Юрий Хван. Ол ұзақ жылдар дәрігер-хирург болып қызмет атқарған. 90-жылдардың ортасында Оралға алғашқы болып, пластикалық хирургияны әкелген. Юрий Хван осыдан үш жыл бұрын қайтыс болды. Бірақ біздің арамызда оның шәкірттері бар. Қазір Оралда пластикалық отаны сенімді жасайтын дәрігерлердің бірі — Алмат Уразов. Алмат Айсәғалиұлы өзі осы Юрий Хваннан оқып, үйренгенін айтады.

— Біздің облыстық аурухананың хирургия бөлімі 90-жылдардың ортасында пластикалық оталарды жасауды бастады. Әрине, мұны көбі біле бермейді. Ол кезде марқұм Юрий Хван өзі жасайтын. Кейін мені үйретті. Одан бөлек, Ресейдің Челябинск қаласында төрт ай бойы пластикалық хирургия бойынша оқып келдім. Бізде қазір ең сұранысқа ие операция — блефροпластика. Яғни, көздің артық терісін алдыру. Бұл отаны әйелдер көп жасатады. Екінші орында бет терісінің әжімдерін тарттыру. Ал үшінші орында сүт бездерін үлкейту мен кішірейту, яғни имплант қойғызуға жасалатын оталар. Бұдан бөлек, артық майын алдыратындар да бар. Әсіресе, әуекесіндегі артық салбыраған майды алдыратын қыз-келіншек өте көп, — дейді хирург Алмат Уразов.

Алмат Уразов қалалық көпбейінді аурухананың хирург-дәрігері әрі бөлім меңгерушісі. Ол қазір пластикалық операцияға сұраныс артты дейді. Бұған, әрине адамдар арасындағы ақпараттану мәселесі әсер етеді. Бірінен бірі көріп, қыз-келіншектер қазір жаппай блефροпластика мен маммопластика жасатып жатыр.

— Аптасына 10 ота жасаймыз. Оның ішінде, әрине жоспарлы оталарымыз бар. Блефροпластика кезінде анестезия толық берілмейді. Тек көздің айналасының ғана жанын кетіреміз, клиент ояу отырады. Ал қалған оталар толық анестезиямен реанимацияда жасалады. Біз импланттарды Америкадан алдырамыз. Алматы мен Астанада арнайы өкілдеріміз бар. Солар тасымалдайды. Ал қалған дәрі-дәрмек өзіміздікі. Пластикалық оталар ақылы, балаларға ғана тегін жасалады. Мысалы, бала күйіп қалып терісі қатты зақымдануы мүмкін. Міне, сондай терілерді жамау, қалпына келтіру оталары тегін жасалады. Бізде блефροпластика жасататын және бетіндегі әжімдерді тарттыратын ер адамдар да бар, — дейді Алмат Уразов.

Елімізде бьюти-индустрия жақсы дамыған. Бауған талас жок. Тек бір өттеген-айы бар. Барлық препарат шетелден келеді. Мамандардың айтуынша, елімізде осы салаға арналған препараттар мүлдем өндірілмейді. Қазақстан нарығындағы бьюти-индустрияға қажетті екпелер мен аппараттар Америка, Италия, Франция елдерінен жеткізіледі.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының негізінде университетімізге қарасты автокөлік бөліміндегі қызметтік көліктердің ұзақ жылғы қолданыстан ескіріп, жарамсыздануына байланысты 5 (бес) дана қызметтік автокөліктерді сатып алу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап, әлеуетті өнім берушінің шарты бойынша, әлеуетті өнім беруші тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгіленген тауарды алып келуге міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

- Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алынған анықтамасы;
- Сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты атқару саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жүкқұжат, келісімшарт, электрондық шот фактура, орындалған жұмыс актілері);
- Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзиретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
- Әлеуетті өнім беруші тауардың сапа сәйкестігін тексеру тауарларының үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
- Құрылыс мердігері ҚКС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚКС қарастыру керек.
- Құрылыс мердігерінің уәкілетті органнан берешегі жок туралы анықтамасы.
- Әлеуетті өнім берушінің ресми диллер екенін растайтын құжат.
- Конкурсқа қатысуға және шарттық кепілдік ретінде конкурсқа ұсынылған жалпы соммасының кем дегенде 5 пайызы (%) мөлшерінде мына есеп шотқа аударылуы талап етіледі: А. Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН-990440008043, БСК-НСВKKZKKX, ЖСК-КZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық банкі» АҚ немесе банктік кепілдік берілуге рұқсат.

Сатып алынатын тиісті құрылыстың тізімі мен келісімшарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 28.03.2024 (15:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.



ГИННЕСКЕ ЕНГЕН

Тарих қатпарында бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген батыр аналарымыз аз емес. Сонау Томирстен бастасақ, бертін келе Мәншүк, Әлия, Ләззаттардың ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Бүгінде қаһарман қыздарымыздың ізін жалғап келе жатқан қаракөздеріміз баршылық. Соның бірі – Жамбыл облысының тумасы Аружан Миравидаева. Күні кеше Аружан түйе үстінде жамбы атудан еліміз бойынша тұңғыш рет Гиннес рекордтар кітабына енген ару атанды.

Аружан бала кезден жылқыға жаны құмар. 5 жасынан бастап атқа мініп, асауларды қолға үйреткен. Оның айтуынша, жуас жылқыдан гөрі асауды ырқына көндіру ерекше әсер сыйлайды екен.

— Бала кезден жылқы малын ерекше жақсы көремін. Малды ауылда өскендіктен, көзімізді ашқаннан көргеніміз төрт түлік болды. Сондықтан 5 жасымнан бастап атқа мініп, асау тайларды өзім жуасытып алатынмын. Жуас жылқыға минуте бәрі де әуес. Мен керісінше, жуас жылқыны тебініп қамшылай бергеннен гөрі асауды шалма тастап ұстауға анасым ауады да тұрады. Өз басым жылқының мінез-құлқын алғаш тізгіндеп мінгеннен-ақ байқай қоямын. Маған жануарлармен тіл табысқан ұнайды, — дейді Аружан.

19 жастағы қаракөзіміз қазір Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алуда. Одан бөлек, Алматы қаласы шетіндегі «Топжарған» этноөнер орталығында асау жылқы мен түйе үйретіп қызмет етуде.

— Былтырғы жылы Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық педагогикалық қыздар университетіне оқуға түстім. Оқу орнында оқып жүргенімде маған «Топжарған» этноөнер орталығының басшысы Ғабит Танатов хабарласып, жұмысқа шақырды. Мұнда өзімнің сүйікті ісіммен айналысатын болғандықтан, бірден келістім.

2023 жылдың жаз айында орталыққа Шымкенттегі Созақ ауданынан екі асау түйе алып келдік. Ол түйелерді үйрету керек болған соң ауылдан өзімнің атамды шақырттым. Атам түйенің мұрындығын салып, оны қалай үйрету керекін көрсетті. Кейін сол орталықтағы шабан-доздар болып



екі түйені мініп, үйретіп алдық. Есесіне сол уақыт аралығында мен садақ атуды да үйреніп, жамбы атып жүрдім. Ептілігімді байқаған орталық басшысы маған түйе мініп, садақ атуды байқап көруге кеңес берді. Алайда бұл онайға соқпады. Жамбыны жылқы үстінде ату үйреншікті нәрсе болса, ал түйемен жамбы атудың қиыншылығы көп болды. Содан секундына дейін есептеп үш жарым ай жаттықтым. Сан мәрте түйеден де құладым. Алайда алған бетімнен қайтпай, соңы жетістікке жеттім, — дейді қаракөзіміз.

Аружан түйе үстінде арақашықтығы 30 метр болатын 3 нысанды 12 секундта дөп атып, рекорд орнатқан. Сол шеберлігі үшін Гиннес рекордтар кітабына енген Қазақстандағы алғашқы адам атанып отыр.

— Маған «Қазақстанда тұңғыш» деген сөздің өзі үлкен жетістік. Себебі түйе тұрмақ, жылқы үстінде жамбы ататын қыздар қазір өте сирек. Сондықтан қазақ ұлты үшін түйемен садақ атудың қандай қадірлі екенін ұлықтай алсам, одан асқан бақыт жоқ.

Алдағы уақытта шеберлігімді тағы шыңдай түсем деп отырмын. Сондай-ақ биыл Астана қаласында өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына қатысып, ел намысын қорғамқпын, — дейді Аружан.

Иә, сөз жок, Аружанның бойындағы қайсарлық қандай мақтауға да лайық. Әрі бұл бүгінгі буынға үлгі-өнеге екені даусыз. Аружан жылқы мен түйе баптаудан бөлек, құсбегілікпен де айналысады. Қолына қыран қондырған қаракөзіміз бірнеше жарысқа қатысып, жүлделі орындарға іліккен. Алайда Аружанның өзі жылқымен жаны бір екенін айтады. Егер бірер күн жылқыға мінбей қалса, басы ауырып,

“
Аружан түйе үстінде арақашықтығы 30 метр болатын 3 нысанды 12 секундта дөп атып, рекорд орнатқан. Сол шеберлігі үшін Гиннес рекордтар кітабына енген Қазақстандағы алғашқы адам атанып отыр.”

жабырқаулы күйге түседі екен. Ал атқа қонса, барлық қайғы мен мұңды ұмытады.

— Меркі ауданында тұрып жатқан кезімізде қой да бақтым. Сол кезде ұғынғаным жылқы малдың төресі екен. Жылқыға мініп жапан далаға қанатымды жайып шабуға анасым ауады да тұрады. Оған қоса, жылқымен жаның бір болса, оның тілін де ұғасын.

Ауылда «Император» есімді сәйгүлігім бар. Сол Император мені қандай қиындық болса да тастап кеткен емес. Қыс айларында боранда қалып кетсек, менімен бірге болып, ауылға жол тауып келіп, талай аман алып қалды. Сондықтан мен Қамбар ата тұлғіне қарыздармын десем де болады, — дейді Аружан.

Аружан төрт түлікке қатысты бар өнерді атасынан бойына сіңіріп отыр. Қазір ол қой сойып, еркекке тән тірліктерді де жасай береді. Қой сою бойынша додаға түсіп, ол жерде де өз шеберлігін танытқан.

Кейіпкеріміздің өзі болашақта актриса болуды армандайды. Тұлпарымен тарихи киноларға түсуді алдына мақсат тұтқан. Біз Аружанның арманына жетіп, ел атын танытатын ару болып өсуін тілейміз. Әрі қазақтың осындай қайсар қыздарынан өзге қаракөздеріміз үлгі алса игі.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы



ЕЛ БІРЛІГІНІҢ КЕПІЛІ – ӘЙЕЛ

Астанада Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның 25 жылдығына арналған мерекелік форум өтті.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының мәлімдеуінше, форумға Қазақстанның барлық өңірінен 500-ден аса қатысушы жиналды. Олардың қатарында белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, журналистер, кәсіпкерлік, білім, денсаулық және ғылым салаларының өкілдері, көпбалалы аналар бар. Форум 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған заманауи бейнелеу өнері көрмесінен басталды. Экспозицияға заманауи авторлардың әртүрлі стилі жәннен әдісімен жасалған 25 жұмыс орналас-тырылыпты.

Жиын барысында әйелдердің құқығын қорғау және өңірлік ерекшеліктерді талдау, сонымен қатар әйелдің отбасындағы және мансаптағы рөлі, гендерлік теңдік мәселелері талқыланды.

Бүгінгі күні Қазақстан әлем елдері арасындағы гендерлік теңдік индексі бойынша (Global Gender Gap Report 2023) 146 елдің ішінен 62-орында. Ресми дерек көздеріндегі мәліметке сәйкес, еліміздің еңбек нарығында 4,3 миллион әйел бар. Ұлттық стати-

дегі комиссияның хатшысы Қарлығаш Сәркенованың айтуынша, елордада 1,4 миллионнан астам адам тұрса, соның 750 мыңнан астамы әйелдер. 30 мыңнан астам көпбалалы отбасының 6,5 мыңы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері.

— Басқа өңірлермен салыстырғанда елордада саяси және қоғамдық өмірге белсенді араласатын әйелдің қатары басым. Мәселен, қалада экономикалық белсенді әйелдердің үлесі 51 пайызды құрайды. Бұл — 353 мыңнан астам әйел. Оның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс істейтін әйелдердің саны 100 мыңнан асады. Шағын және орта бизнес субъектілерін 90 мыңға жуық нәзік жанды басқарады. 75 мыңнан астам әйел медицина мен білім беру саласында еңбек етеді.

Әйелдер істері жөніндегі комиссияның жүйелі жұмысы әйелдерге психикалық қысымға қарсы бағытта көрінеді. Мемлекеттік органдармен бірлесіп қабылдаған шараларының арқасында елордада тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерінің азайғаны байқалады. Нәтижесінде, отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқықбұзушылықтар 30 пайызға



стика бюросының есебіне сүйенсек, әйелдердің басым бөлігі білім беру саласында жұмыс істейді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде 2030 жылға дейін атқарушы органдардағы басшы әйелдердің үлесін 2023 жылы 25%-ға, 2027 жылға қарай 27%-ға, 2030 жылға қарай 30%-ға жеткізу көзделген. ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мемлекет тапсырмасына орай әйелдердің басшылық және басқа да салалардағы үлес салмағын арттыру, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты азайту және гендерлік саясат тұжырымдама-сын жүзеге асыру мақсатында ілкімді жұмыстарды атқарып келеді.

Астана қаласы әкімдігінің бас инспекторы, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөнін-

төмендеді, — дейді Қарлығаш Сәркенова.

Әйелдер құқықтары мен бостандықтары, отбасылық құндылықтарды қорғау және гендерлік теңдікті сақтау арқылы жетістіктер мен перспективаларға жол ашу, прогреске жету мәселелерін талқылаған форумды, ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы, Аида Балаева:

— Жылдар бойы қалыптасқан Гендерлік және отбасылық демографиялық саясаттың нәтижесінде елімізде елеулі құқықтық база құрылды. Ерлер мен әйелдер қоғамның барлық саласында тепе-теңдік құқықтарға, жеңілдіктерге, міндеттер мен мүмкіндіктерге қол жеткізді. Гендерлік кемсітушіліктің барлық нысаны мен көрінісін едәуір еңсердік, — деп қорытындылады.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Тағат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Нәзгул НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(7171) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4421
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілтегі көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,